Республиканский научно-методический журнал

ISSN: 2959 - 0183

KEMEŃGER

USTAZ.KZ

Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

№5(8) (2026 ж. Мамыр/Май 2026 г.)



"АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ "№51 ГИМНАЗИЯ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БАСТАУЫШ БІРЛЕСТІГІ

KEMEŃGER ustaz.kz

ISSN: 2959 - 0183

«KEMEŃGER USTAZ.KZ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының
№5(8) (2026 ж. Мамыр) шығарылымы.
Выпуск №5(8) (Май 2026 г.) республиканского научно-методического журнала
«KEMEŃGER USTAZ.KZ».

Басылымның кезеңділігі - айына 1 рет шығады

№ KZ61VPY00045006 есепке қоюы туралы
КУӘЛІК

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде берілген

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:
білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік, ақпараттық -сараптамалық, педагогикалық инновациялық тәжірибелерді тарату бойынша материалдар жариялау.

Периодичность издания — один раз в месяц.

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет № KZ61VPY00045006

Выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:
публикация материалов по распространению учебно-методического, научно-практического, информационно-аналитического, педагогического инновационного опыта в области образования.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Бас редактор:/ Главный редактор: Баянды Ерлан
Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті
Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер
Қасқабаева Ф.С. – педагог-шебер
Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші
Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы
Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы

Материалдардың анықтығына авторлар жауапты болады.
Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.

Ответственность за достоверность материалов несут авторы. Редакция оставляет за собой право отклонять материалы

«KEMEŃGER USTAZ.KZ» ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.
С правилами для авторов научно-методического журнала «KEMEŃGER USTAZ.KZ» вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.

Мазмұны / Содержание

Кульмуратова Г.А. Инклюзивті оқытудың ерекшеліктері....4
Утепова С.Б. Ата-аналармен өзара әрекеттесу арқылы білім алушылардың оқу нәтижелерін қалай жақсартуға болады?....6
Артыкова Д.А. Бастауыш сыныпта ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызы....7
Кошаманова А.Е. Бала бойына ерте жастан ұлттық құндылықтарды сіңіру жолдары....8
Искайрова У.К. Бастауыш сыныпта инклюзивті білім беру мәдениетін қалыптастыру....10
Кариева Г.Қ. Инклюзивті білім берудегі педагогтің ролі....12
Турмагамбетова Ж.М. Математика пәнін ұлттық құндылықтармен байланыстыра отырып оқыту....14
Кенжебекова А.Т. Заманауи әдіс-тәсілдерді бастауыш сыныпта тиімді қолдану.15
Асанбай А.Қ. Зат есімнің жекеше және көпше түрі....18
Аязбаева А.Р. Болымды және болымсыз етістік....21
Бақтыбаева Г.С. Әдепті бала. Ұшқан ұя....24
Бекесова Ф.К. Уақытты анықтайтын құралдар....27
Боранбаева К.А. Жұмбақ айтып берейін....31
Ешниязова М.М. Зат есімнің жекеше және көпше түрі....35
Талап Г.С. Бесік жыры....39
Төлеуова Қ.М. Текше (Куб)....42
Арықбаева Г.А. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық белсенділігін музыка арқылы дамыту....46

Кульмуратова Гульдана Аманалиевна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан қоғамының қазіргі даму кезеңінде мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуының құдіретті факторы ретінде білім беру жүйесін модернизациялауға ерекше назар аударылып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңарту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі» мәселесі қойылады. Мемлекет басшысы білім берудің қолжетімділігін кеңейту қажеттігін атап өткен, “оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге үйретуі тиіс» деген. Сондықтан бүгінгі таңда денсаулығы шектеулі балалар да басқа барлық оқушылар сияқты сапалы, әлеуметтік бейімделуге, қоғамда өз орынын табуға толық жағдай жасайтын білім алуға тиісті екендігін ерекше айту қажет. Арнайы білім беру мекемелеріндегі жағдайлар мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамнан, әллеуметтік ортадан бөлектеніп қалуына әкеліп отыр. Олардың қоғамның басқа бөлігі мен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктері өте аз.

Конституция бойынша әр бала біздің мемлекетімізде дүниеге келгенде құқықары тең. Білімге де, денсаулықтары болсын, демалыс болсын, мамандақ алу бәрі бірдей құқылы. Бұл дегеніміз баланы бөліп жармауымыз керек. Мүмкіндігі шектеулі баланы мектепке алмай жатады, бұл дұрыс емес. Сондықтанда біздің еліміз де басқа елдерге қарап жоба ретінде бірнеше мектептерін бірдей білім беру тәртібі жзеге асып жатыр.

Инклюзивті оқыту несімен маңызды мектепте денсаулығында кемістігі бар балалар дені сау балалардың арасында бір ортада жүріп бой түзейді, басқаларға қарап өмірге талпынады, бой түзейді, бірге ойнайды сау ортада өзін сау сезінеді. Бұл өте маңызды. Ал коррекциялық мектепке барып білім алған бала қоғамнан оқшауланып қалады, дамуы тежеленеді. Ерекше мұқтаждықтарға ие балалардың сапалы білім алуы және оның қоғамдағы рөлін дамыту арналған оқыту жүйесі.

Инклюза – ағылшын тілінен аударғанда енгізу, қосу деген мағынаны білдіреді. Бұл термин өткен ғасырдың аяғында пайда болған. Италия, Германия, Ұлыбритания елдерінде оқытудың осы жүйесіне ерекше көңіл бөлінген. Кей мектептерде коррекциялық мектеп деген атымен жоқ. Мүгедек балалар қоғамның толық қанды мүшесі ретінде жалпыға бірдей оқу орындарында еш кедергісіз білім алуда.

Инклюзивті білім берудің басты міндеті – мүмкіндігі шектеулі жандардың өміріне қажетті жағдай туғызып, білім алуда шектелмеуін қадағалау. Баршаға ортақ қалыпты қоғам қалыптастыру. Бұл жан-жақты білім алу және әлеуметтік саяси өмірге араласу мүмкіндігі.

Инклюзивті білім берудің негізгі принципі – баланың барлық мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне қарай білім беру жүйесін бейімдеу. Осы ретте педагогтарымыз өздеріне артып отырған жүк өте ауыр, әрі өте жауапты екенін ескеруі қажет. Мұғалімдер мүмкіндігі шектеулі жандардың өздерінің тілі, қол қимылдары арқылы түсіне білу керек. Бұл жүйе қазіргі таңда тек біздің елдің ғана есем бүкіл әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе.

Инклюзивті білім берудің ерекше назар аударатын жағы мүмкіндігі шектеулі балаларды ортаға бейімдеп мектепке дейінгі мекемелерден бастап жүзеге асырылуы керек. Әйтседе бұл жобаны жүзеге асырудың өзіндік кемшіліктеріде жоқ емес. Яғни қабілеті ерекше балалар физиологиялық және психикалық ерекшеленіп тұратын болғандықтан аса бір шыдамдылық пен төзімділікпен қарым-қатынас жасау үшін педагогтарымызға да біршама көңіл бөліп, мұндай жағдайға дайындығын қарастыру қажет. Сонымен қатар барлық балаларға бірдей білім алу стандартын қоямыз, алайда бұл жағдайда біз балалардың қабылдауы мен қабілеттері әртүрлі екенін ескеру керекпіз. Осы тарапта біз қазіргі кезде инклюзивті оқыту кезінде оқу материалдарын таппай жатамыз. Қабілеті ерекше балалардың әлеуметтік ортадан шектеліп қалмауы үшін мектептің қана мүдделі емес, оған ата-аналар да, қоғамдағы әрбір тұлға да әлеуметтенуіне өзіндік үлесін қосу керек. Тағы бір психологиялық ескертпе, яғни мүмкіндігі шектеулі жандардың ата-аналарына баланың алдында белгілі бір шектеу бар екенін ескерте берудің қажеті жоқ. Себебі олардың қорғаныс механизімі төмен болады да бала жабырқауы мүмкін, өзін ортадан шектетеді, өзін өзгелермен салыстыруға дайын тұрады.

Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, шығу тегіне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

Әдебиеттер тізімі

1. Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыттары. ҚР-ның Президенті –Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы //Егемен Қазақстан. 2012ж, 28 қаңтар.

2. 2011-2020 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2010, 18-маусым.

3. Жалпы білім беретін мектепте инклюзивті оқытудың әлеуметтік педагогикалық мәселелері// «Қазақстанның ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастығы: жетістіктер және дамудың келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конфе-ренцияның еңбектері.» (№2) Шымкент, – 2010. Б. 36-39.

4. Инклюзивті оқытудың шетелдік тәжірибесі және оны отандық мектептерде пайдаланудың мүмкіндіктері // «Оқытудың ақпараттық технологиялары негізінде инновациялық білім беруді жетілдіру жолдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектері. Том1.- Шымкент, 2011.- Б.145-147.

5. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында (2008 ж. 6 ақпан) Қазақстан халқының әл-ауқатын көтерудің негізгі бағыттарын жүзеге асыру. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары

Утепова Салтанат Бейбутовна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



АТА-АНАЛАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛАЙ ЖАҚСАРТУҒА БОЛАДЫ?

Баланың табысты тұлға болып қалыптасуы — мектеп пен отбасының бірлескен еңбегінің жемісі. Заманауи педагогикада ата-ана тек сырттай бақылаушы емес, білім беру процесінің белсенді қатысушысы ретінде қарастырылады. Сондықтан мектеп пен үй арасындағы тығыз байланыс — оқушы үлгерімін арттырудың басты тетігі. Бұл идеяның негізі қазақ ағартушыларының еңбектерінде де терең көрініс тапқан. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы мектеп пен ата-ана бірлігін заманында-ақ алға тартса, Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде: «Бала тәрбиесі — бір өнер, бұл өнермен ата-ана да, мұғалім де қаруланууы керек»,— деп шегелеп айтқан. Ғұламаларымыз мұғалімнің берген білімін үйде ата-ана қолдап, бекітпесе, ол білімнің өнімсіз болатынын ескерткен.

Заманауи зерттеулер де бұл ойды растайды: ата-анасы мектеп өміріне белсене араласатын балалардың сабақ үлгерімі 30%-ға жоғары болады. Бұл өзара әрекеттесуді жақсартудың бірнеше жолы бар:

Ашық коммуникация: Мұғалім мен ата-ана баланың тек кемшілігін емес, кішігірім жетістіктерін де бөлісіп, үнемі кері байланыста болуы қажет.

Бірлескен оқу ортасы: ЫбырайАлтынсарин айтқандай, бала ата-ананың ісінен үлгі алады. Үйде бірге кітап оқу, интеллектуалды қолдау көрсету баланың танымдық белсенділігін оятады. Өз тәжірибемде мектеп пен отбасы бірлігін нығайту үшін «Отбасылық кітап оқу сағаты» және «Әкем, шешем және мен» атты танымдық-интеллектуалдық жобаларды жүзеге асырып келемін. Бала мен ата-ананың үйде бірлесіп оқыған кітабын немесе дайындаған шағын зерттеу жобасын сынып алдында бірге қорғауы — оқушының өзіне деген сенімділігін арттырып, оқуға деген ынтасын еселей түсті. Мұндай бірлескен жұмыстар ата-ананың бала біліміне деген жауапкершілігін саналы түрде түсінуіне көмектеседі. Сонымен қатар ата-аналарды баланың қателігін сынайтын емес, оның шешімін бірге іздейтін серіктес ретінде қабылдауға көштім. Тоқсан сайын өткізілетін дәстүрлі жиналыстардың орнына «Мұғалім-оқушы-ата-ана» форматындағы үшжақты кездесулерді енгіздім. Бұл форматта бала өзінің мақсаттарын айтады, ал біз (мұғалім мен ата-ана) оған қалай қолдау көрсететінімізді бірлесе жоспарлаймыз. Нәтижесінде баланың сабаққа жауапкершілігі артып, академиялық көрсеткіштері жоғарылады.

Қорытындылай келе, бала білімі — екі жақты алтын көпір. Мұғалім мен ата-ана бір мақсатқа бірігіп, ұлы ағартушыларымыздың өсиетін заманауи әдістермен ұштастырғанда ғана білім сапасы артып, оқушының оқу нәтижелері биіктей түседі.

Артыкова Дидар Амангелдиевна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы мен ақпараттық кеңістіктің кеңеюі жас ұрпақ тәрбиесіне жаңа талаптар қойып отыр. Осындай жағдайда ұлттық құндылықтарды сақтау, дәріптеу және келер ұрпақтың санасына сіңіру өзекті мәселелердің біріне айналды. Ұлттық құндылықтар – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұрасы, мәдениеті, тілі, әдебиеті, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі. Бұл құндылықтар ұлттың өзіндік болмысын айқындап, оның тарихи сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауларында ұлттық болмысты сақтай отырып, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырудың маңыздылығын атап көрсетіп келеді. Сондықтан білім беру ұйымдарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі – ұлттық құндылықтарды білім мен тәрбиенің өзегіне айналдыру.

Бастауыш мектеп – баланың дүниетанымы қалыптасатын, тұлғалық қасиеттері дамитын маңызды кезең. Осы уақытта оқушының бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру оның азаматтық ұстанымының, отансүйгіштік қасиетінің және адамгершілік мәдениетінің қалыптасуына негіз болады. Бала мектеп қабырғасында тек білім алып қана қоймай, ұлттық мәдениетті құрметтеуді, үлкенді сыйлауды, кішіге қамқор болуды, туған жерін қадірлеуді үйренеді.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру оқу-тәрбие үдерісінің барлық бағыттарында жүзеге асырылуы тиіс. Әдебиеттік оқу сабақтарында халық ауыз әдебиеті үлгілерін, батырлар жырын, шешендік сөздерді, мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы оқушылардың тіл байлығы мен рухани дүниесі дамиды. Қазақ тілі сабақтарында ұлттық мазмұндағы мәтіндермен жұмыс жасау оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырады. Дүниетану пәнінде туған өлкенің тарихы мен табиғатын оқыту арқылы туған жерге деген құрмет сезімі қалыптасады.

Сабақтан тыс іс-шаралардың да тәрбиелік маңызы зор. Наурыз мерекесі, Домбыра күні, Тіл мерекесі, ұлттық ойындар жарысы, ұлттық тағамдар фестивалі сияқты шаралар арқылы оқушылар қазақ халқының мәдениетімен тереңірек танысады. Мұндай жұмыстар балалардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ұлттық сана-сезімін нығайтады.

Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда заманауи технологияларды тиімді пайдалану да маңызды. Мультимедиялық ресурстар, бейнефильмдер, виртуалды экскурсиялар

мен танымдық платформалар арқылы оқушылар ұлттық мәдениет пен тарихи мұралар туралы мол ақпарат ала алады. Бұл білімнің тартымды әрі әсерлі болуына ықпал етеді.

Ұлттық тәрбие беруде отбасы мен мектептің ынтымақтастығы ерекше рөл атқарады. Бала тәрбиесінің негізі отбасында қаланады. Сондықтан ата-аналардың ұлттық салт-дәстүрді сақтауы, ана тілінде сөйлеуі және ұлттық мәдениетті құрметтеуі балаға үлгі болады. Мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы ғана тәрбиенің нәтижелі болуына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтарды бастауыш сыныптан бастап қалыптастыру – болашақ ұрпақ тәрбиесінің берік іргетасы. Ұлттық рухы биік, ана тілін құрметтейтін, елінің тарихы мен мәдениетін қадірлейтін жас ұрпақ тәрбиелеу – әрбір ұстаздың қасиетті міндеті. Ұлттық құндылықтарды білім беру мазмұнымен ұштастыра отырып жүргізілген жүйелі жұмыс оқушылардың жан-жақты дамуына және олардың елжанды азамат болып қалыптасуына жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие жұмысына қатысты әдістемелік ұсынымдары.
3. Тоқаев Қ.К. Қазақстан халқына Жолдаулары.
4. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері. – Алматы.

Кошаманова Асылай Ескуатовна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



БАЛА БОЙЫНА ЕРТЕ ЖАСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІҢІРУ ЖОЛДАРЫ

Бала- адам өмірінің қуанышы. Бала- бар өмірді мағыналы етеді. Бала арқылы адам жақсылық пен игілікке кенеледі. Алайда бала «бақыт көзіне» айналу үшін оларды дұрыс тәрбиелеп, адал да үлгілі азамат етіп қалыптастыру басты міндетіміз.

Халықта «Бала кымбат болса, баланың тәрбиесі одан да қымбат» деген накыл сөздің мәні тереңде жатыр. Өйткені, адал да, тәрбиелі ұрпақ - ата-ананың мақтанышы, елдің ертеңі.

Бүгінгі күннің басты талабы жан-жақты, ең алдымен тұтас дүние танымға ие, жоғары мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу. Өз елінің тарихын, мәдениетін, асыл мұраларын үйрету арқылы ғана мәдениеті жоғары жеке тұлға тәрбиелей аламыз.

Осы орайда қазақтың қонымды да, сұлу - тілі, қазынасы сарқылмайтын алтын сандық - ауыз әдебиеті мен тарихын, салт- дәстүрін білудің алар орны зор дегім келеді. Баланың қажеттіліктерін зерттей отырып, бала бойына, ұлттық құндылықтарын сіңіру, жаңа дағдылар мен қызығушылықты ояту қазіргі кезде өзекті.

Ұлттық құндылық – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани байлығы, салт-дәстүрі, тілі, діні, мәдениеті мен тәрбиесінің алтын қазығы. Қазақ халқы қашанда үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсеткен, имандылық пен адамгершілікті жоғары бағалаған. Осындай асыл қасиеттерді бала бойына ерте жастан сіңіру оның болашақта тәрбиелі, саналы азамат болып қалыптасуына ықпал етері сөзсіз. Бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру ең алдымен ана тілін құрметтеуден басталады.Тіл – ұлттың жаны.Тіл арқылы бала халықтың тарихын, дүниетанымын, рухани болмысын таниды.

Қазақ ертегілері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен батырлар жыры – тәрбиенің қайнар көзі. Ертегілердегі кейіпкерлердің іс-әрекетін талдау арқылы балалар жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйренеді. Салт-дәстүрлерді таныстыру балалардың ұлттық мәдениетке деген құрметін арттырады.

Қазақтың ұлттық ойындары балаларды ептілікке, ұйымшылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелейді. Ұлттық ойындар арқылы балалар халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен жақынырақ танысады.

Отанды сүю – ұлттық тәрбиенің негізі. Қазақстанның тарихын, рәміздерін, батыр тұлғаларын таныстыру арқылы патриоттық сезім қалыптастыруға болады.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы:

- туған тілге деген құрмет қалыптасады;
- Отанға сүйіспеншілік артады;
- салт-дәстүрге қызығушылық оянады;
- үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу дағдылары дамиды;
- ұлттық рух пен патриоттық сана нығаяды.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру – ұлт болашағын тәрбиелеудің маңызды жолы. Ұлттық тәрбие алған бала рухани бай, адамгершілігі жоғары, елін сүйетін азамат болып өседі. Сондықтан мұғалім мен ата-ана бірлесе отырып, ұлттық құндылықтарды күнделікті тәрбие мен білім беру үдерісінде жүйелі түрде насихаттауы қажет. Ұлттық рухы мықты ұрпақ – тәуелсіз еліміздің жарқын болашағының кепілі дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. «Тәрбиеге жетекші» – Аматы– 2017ж. (қайта басылым)

Біртұтас тәрбие бағдарламасы / Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. – Астана, 2023. – 52 б.

2. Құсайынов, А. Қ. «Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі» «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин

атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №2.– Б. 131-141. DOI: 10.59941/2960-0642-2023-2-131-141

3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан –Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі (17.06.2023) [Электронды ресурс] // https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasymzhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adilettikazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysyndasoylegen-sozi-1752959 [Қаралған күні: 10.08.2023]

4. «Дәстүр» ұлттық-этнографиялық журнал-2017ж

Искайрова Улжан Кадировна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші, магистр
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – әрбір баланың сапалы білім алуына тең мүмкіндік жасау. Осы мақсатта инклюзивті білім беру ұғымы кеңінен дамып келеді. Инклюзивті білім беру – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ортасына енгізіп, олардың қоғаммен тең дәрежеде білім алуына жағдай жасау.

Бастауыш сынып – баланың тұлғалық қалыптасуының ең маңызды кезеңі. Сондықтан дәл осы кезеңде оқушылар арасында өзара сыйластықты, мейірімділікті, төзімділікті және қолдауды қалыптастыру ерекше маңызға ие. Инклюзивті білім беру мәдениетін қалыптастыру арқылы барлық бала өзін қауіпсіз әрі қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді.

Инклюзивті білім берудің мәні мен мақсаты

Инклюзивті білім беру – барлық балалардың денсаулық жағдайына, даму ерекшеліктеріне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан бірдей білім алу құқығын қамтамасыз ететін жүйе.

Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаттары:

- Әрбір баланың білім алуға тең мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоғамға бейімдеу;
- Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- Өзара көмек пен сыйластық мәдениетін дамыту;
- Оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал ету.

Инклюзивті білім беру тек ерекше қажеттілігі бар балаларға ғана емес, барлық оқушыға оң әсер етеді. Себебі балалар бір-бірін түсінуге, қолдауға, бірге әрекет етуге үйренеді.

Бастауыш сыныпта инклюзивті мәдениетті қалыптастырудың маңызы

Бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлқы, қарым-қатынасы мен дүниетанымы осы кезеңде қалыптасады. Егер мұғалім мен ата-ана балаға кішкентай кезінен мейірімділік пен төзімділікті үйретсе, болашақта қоғамда ізгі қарым-қатынас орнайды.

Инклюзивті мәдениеттің негізгі қағидалары:

1. Әр бала – жеке тұлға;
2. Балалардың мүмкіндігі әртүрлі болғанымен, құқықтары тең;
3. Өзара құрмет пен қолдау;
4. Қауіпсіз және қолайлы орта құру;
5. Ынтымақтастық пен серіктестік.

Инклюзивті ортада тәрбиеленген балалар:
- жанашыр болуға;
- достық қарым-қатынас орнатуға;
- өзгелердің пікірін құрметтеуге;
- көмектесуге;
- ұжымда жұмыс істеуге үйренеді.

Мұғалімнің міндеттері:
- Әр оқушының ерекшелігін ескеру;
- Сыныпта қолайлы психологиялық орта қалыптастыру;
- Оқушылар арасында достық қарым-қатынасты дамыту;
- Саралап оқыту әдістерін қолдану;
- Ата-анамен тұрақты байланыс орнату;
- Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға қолдау көрсету.

Мұғалім балаларға тек білім беріп қана қоймай, адамгершілік қасиеттерді де қалыптастырады. Сондықтан мұғалімнің жылы қарым-қатынасы мен әділдігі инклюзивті мәдениеттің негізі болып табылады.

Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру әдістері

1. Топтық жұмыстар ұйымдастыру

Топтық тапсырмалар арқылы балалар бір-бірімен араласып, өзара көмек көрсетуге үйренеді.

2. Тәрбие сағаттарын өткізу

«Мейірімділік», «Достық», «Барлығы тең», «Қайырымдылық» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізу балалардың адамгершілік қасиеттерін дамытады.

3. Ойын технологияларын пайдалану

Бастауыш сынып оқушылары ойын арқылы жақсы қабылдайды. Сондықтан бірлескен ойындар балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсартады.

4 Психологиялық қолдау

Мектеп психологы оқушылардың өзара қарым-қатынасын бақылап, қажет жағдайда түзету жұмыстарын жүргізеді.

5. Ата-анамен жұмыс

Ата-аналарға инклюзивті білім берудің маңызын түсіндіру қажет. Мұғалім мен ата-ананың бірлескен жұмысы жақсы нәтиже береді.

Инклюзивті білім берудегі кездесетін қиындықтар

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру барысында кейбір қиындықтар кездеседі:
- Мұғалімдердің арнайы даярлығының жеткіліксіздігі;
- Материалдық-техникалық базаның толық қамтамасыз етілмеуі;
- Кейбір ата-аналардың түсінбеушілігі;
- Қоғамдағы теріс көзқарастар.

Алайда бұл мәселелерді жүйелі жұмыс арқылы шешуге болады.

Қорытындылай келе, бастауыш сыныпта инклюзивті білім беру мәдениетін қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі. Инклюзивті ортада тәрбиеленген бала мейірімді, адамгершілігі мол, өзгелерге құрметпен қарайтын тұлға болып қалыптасады.

Әрбір бала – қоғамның маңызды мүшесі. Сондықтан балаларға тең мүмкіндік беріп, олардың қабілетін дамыту – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Инклюзивті білім беру мәдениеті қалыптасқан мектепте өзара сыйластық, достық және қолдау атмосферасы орнайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
2. Психология және инклюзивті оқыту бойынша әдістемелік құралдар.

Кариева Гүлнар Қуандыққызы
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГТІҢ РОЛІ

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу ,өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы деуге болады. Инклюзивті оқыту - балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өндеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге,үйренеді.

Инклюзивті (франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз етиетін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептерде денсаулығы жақсы балалармен бірге білім алуына жағдай жасалады. Бұндайда мүмкіндігі шектеулі баланың өзіне деген сенімі артады, ол маңайындағы балдардан, ұстаздардан өзіне қолдау бар екенін сезінеді, оның қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарауына, өзін осы қоғамның мүшесі екенін сезінуіне жол ашады.Оқытудың бұндай түрі арқылы мүмкіндігі шектеулі бала өз қабілітіне сай, отбасынан алшақтамай, тұрғылықты жерде білім алады. Мүмкіндігі шектеулі баланың өзін қоршаған ортамен толыққанды мүшесі ретінде сезінуін қалыптастыру жолында әрбір мұғалімнің алатын орны еркше деп айтуға болады.

Ерекше балаларды тәрбиелеу кезінде жасерекшеліктерін ескеріп отыру қажет, балаларды шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіпке, ұжымда бірлесе жұмыс жасай алатындай деңгейге жеткізу қажет. Ондай балдарға білім беру үшін мұғалімге шыдамдылық пен кішіпейілділік керек. Ерекше балаларға қарапайым түсініктерді жеткізу оңай жұмыс емес. Мұғалім ізденісі әр баланың жан дүниесіне үңілуден басталады. Ерекше балаларды зерттеу үшін мұғалім білу керек:-Ол нені ұнатады? Кімді құрметтейді? Немен айналысқанды жаны сүйеді? деген сұрақтарға жауап алудан басталады. Сол сұрақтардың маңыздылығы бұларды білу сол баламен әрі қарай әңгімені өрбітуге септігін тигізеді.Күнделікті қарапайым әңгімелеудің өзі қарым-қатынасты нығайтып, бір сәтке болса да сергіп, көңіл көтеріп қалуына септігін тигізеді.

Ерекше балалармен мұғалімнің жұмыс жасау ерекшелігі:

- мектеп жағдайына тез бейімделуге адамгершілік жағымды мінез қалыптастыру;
- баланың оқуға қызығушылығын дамыту;
- оқу белсенділігін дамыту, оқудағы қиындылықтарды жою;
- интеллектуалдық біліктілігін жасерекшелігіне қарай дамыту;
- даму деңгейін көтеру, жеке дамуындағы аутқушылықты түзету;

Күтілетін нәтиже:

- оқу барысындағы негізгі қиындықтары жойылады;
- адамгершілік қасиеттері дамиді, жағымды мінез қалыптасады;
- өзіне деген сенімділігі артады, көзқарасы өзгереді;

Инклюзивті оқыту-барлық балаларға мектепке және мектеп өміріндегі тыныс тіршілігіне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжымда болып жатқан іс-әрекеттерге қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Мүмкінділігі шектеулі балалардың жүріс-тұрысындағы кемшіліктер адамның жеке тұлға болып қалыптасуына, оның жеке қасиеттеріне оқу бейімделу әрекеттерінің бұзылуын қалыптастырып, баланың үлкендерімен құрдастарымен қарым-қатынасына кері әсер етеді.

Мектептерде инклюзивтік білім беруді енгізе отырып, педагогтар әр адам ойлауға, сезінуге, қарым-қатынас жасауға, бір-біріне сүйеніш болуға қабілетті деген қағиданы ұстанады және осыны балалардың көкейіне құйып, мейірімділікке баулиды. Осылайша олар егемен еліміздің толыққанды мүшелерін тәрбиелеуге өз үлестерін қосып жүреді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. 2011 – 2020 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2010, 18 – маусым.

2. Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. Республикалық педагогикалық – әдістемелік журнал,№4, 2015

Турмагамбетова Жадыра Муратовна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



МАТЕМАТИКА ПӘНІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОТЫРЫП ОҚЫТУ

Ұлттық құндылықтар біздің ұлтымыздың рухани негізін, оның мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін және тілін қамтиды. Бұл құндылықтар біздің ұлтымыздың идентификациясын және тұтастығын қалыптастырады.

Отансүйгіштік ұлттық құндылықтардың маңызды бөлігі болып табылады, ол біздің елімізге деген сүйіспеншілігімізді, патриотизмімізді және отанды қорғауға деген дайындығымызды білдіреді.

Еңбекқорлық ұлттық құндылықтардың тағы бір маңызды бөлігі болып табылады, ол біздің еңбек етуге деген ынтамызды, жауапкершілігімізді және өз еңбегіміздің нәтижесіне деген сенімімізді көрсетеді.

Математика сабақтарында ұлттық элементтерді пайдалану оқушылардың ұлттық құндылықтар туралы түсінігін арттырып, олардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Ұлттық ойындарды енгізу: математика сабақтарында ұлттық ойындарды, мысалы, «Асық ату» немесе «Тоғызқұмалақ» ойындарын шығармашылық тұрғыда қолдану.

Кросс – дисциплинарлық сабақтар: математика, тарих, мәдениет немесе әдебиет пәндерін интеграциялау арқылы сабақтар өткізуді ұйымдастыру. Мысалы, қазақ әдебиеті шығармаларындағы өзекті мәселелерді математика тұрғысынан талдау.

Ұлттық ойындардың көпшілігі логикалық ойлауды, стратегиялық жоспарлауды және сандармен жұмыс істеуді талап етеді.

Тоғызқұмалақ – логикалық ойлауды және стратегиялық жоспарлауды дамытатын ұлттық ойын.

Асық ату ойыны – ойыншылардың дәлдігін және есептеу қабілетін дамытатын ұлттық ойын.

Алтыбақан – ойыншылардың жылдамдығын, ептілігін және сандармен жұмыс істеу қабілетін дамытатын ұлттық ойын.

Математика сабақтарында ұлттық мәдени ерекшеліктерді сақтау оқушылардың өз ұлтының мәдениетіне деген құрметін

арттырып, олардың ұлттық идентификациясын нығайтуға көмектеседі.

1. Математикалық терминдерді қазақ тілінде қолдану, ұлттық әндердің және әңгімелердің үзінділерін қолдану.

2. Ұлттық мерекелерді және салт-дәстүрлерді математика сабақтарына енгізу, ұлттық ойындарды пайдалану.

3. Ұлттық өнер туындыларын математикалық тұрғыдан талдау, ұлттық киімдердің геометриялық үлгілерін зерттеу.

Қорытынды

Математикада ұлттық құндылықтарды дамыту оқушылардың ұлттық идентификациясын нығайтып, олардың патриотизмін

арттыруға, өз елінің тарихы мен мәдениетіне деген құрметін арттыруға көмектеседі. Оқушылардың ұлттық құндылықтар

туралы білімін кеңейту үшін, математика сабақтарында ұлттық элементтерді пайдалану маңызды. Бұл әдіс оқушылардың

оқуға деген қызығушылығын арттырып, олардың ұлттық құндылықтарды тереңірек түсінуіне көмектеседі.

Кенжебекова Акнур Токсанбаевна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Зерттеудің мақсаты: Бастауыш сыныпта заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушылардың оқу нәтижелерін арттыру және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Зерттеудің міндеттері: Заманауи әдіс-тәсілдердің бастауыш сынып оқушыларының білім сапасына әсерін зерттеу арқылы олардың тиімділігін бағалау және оқу процесін жақсартуға бағытталған ұсыныстар жасау.

Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру үшін заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың мүмкіндіктерін анықтау және бұл технологиялардың практикалық қолданылуын талдау.

Бастауыш сыныпта заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлау және проблемаларды шешу қабілеттерін дамыту жолдарын қарастыру және тиімді әдістерді әзірлеу.

Заманауи әдіс-тәсілдер негізінде оқу бағдарламаларын жетілдіру арқылы оқушылардың тұлғалық дамуына қолдау көрсету және олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру.

Кіріспе

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінің жаңғыруы мен жаңартылуы қажеттілігі артып келеді, себебі қоғамның даму қарқыны мен өзгеруіне байланысты оқушыларға қойылатын талаптар да өзгеруде. Бастауыш сыныпта заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану оқушылардың білім алу процесін жеңілдетіп қана қоймай, олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді. Бұл әдіс-тәсілдер оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін саралау және жекешелендіру мүмкіндігін береді.

Заманауи білім беру технологияларының негізінде құрастырылған әдіс-тәсілдер оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, оқу мотивациясын күшейтеді. Сонымен қатар, бұл әдістер оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастырып, олардың болашақта қоғамның белсенді мүшесі болуына ықпал етеді.

Бастауыш сыныпта заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың оқу нәтижелерін жақсарту мүмкіндігі бар. Мәселен, интерактивті оқыту әдістері оқушыларды оқу процесіне белсенді қатысуға және өз ойларын еркін білдіруге ынталандырады. Бұл өз кезегінде оқу сапасын арттырады және оқушылардың өз бетімен ойлау қабілеттерін дамытады.

Қазіргі қоғамдағы ақпараттық технологиялардың жедел дамуы білім беру процесінде жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуді талап етеді. Компьютерлік технологиялар мен интернет ресурстарын қолдану арқылы оқыту оқушылардың ақпаратты жылдам қабылдау және өңдеу дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, бұл олардың жаһандық ақпараттық қоғамға бейімделуіне көмектеседі.

Заманауи әдіс-тәсілдерді бастауыш сыныпта қолдану арқылы білім беру процесінің тиімділігін арттыруға, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасауға болады. Бұл зерттеу осы бағыттағы маңызды мәселелерді шешуге және білім беру жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

Заманауи әдіс-тәсілдердің негізі және олардың рөлі: Бастауыш сыныпта заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану қазіргі білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бұл әдіс-тәсілдердің негізі - оқушылардың белсенділігін арттыру, олардың дербес жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мысалы, интерактивті оқыту әдістері оқушыларды сабаққа белсенді қатысуға ынталандырады. Бұл әдістердің бірі - ойын технологиялары, олар балалардың қызығушылығын оятып, оқу процесін қызықты етеді.

Теориялық негіздер және тәжірибелік қолдану:

Заманауи әдіс-тәсілдер оқытудың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Мәселен, компьютерлік технологияларды қолдану оқушылардың ақпаратты жылдам қабылдау және өңдеу қабілеттерін дамытады. Зерттеулер көрсеткендей, интерактивті тақталар мен электронды оқулықтар қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейі орташа 20%-ға артады. Бұл технологиялар оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын нығайтады және олардың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Мәселенің маңыздылығы және оның себеп-салдары:

Заманауи әдіс-тәсілдерді қолданудың маңыздылығы олардың оқушылардың тұлғалық дамуына қосатын үлесінде. Оқу процесінің жекешелендірілуі әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді, бұл олардың өзін-өзі тануына және өз мүмкіндіктерін ашуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, бұл әдістер оқушылардың сыни ойлау және проблемаларды шешу қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Артықшылықтары мен кемшіліктері:

Заманауи әдіс-тәсілдердің артықшылықтары көп, бірақ оларды қолдануда кейбір қиындықтар да кездеседі. Мысалы, кейбір мектептерде қажетті техника мен ресурстардың жеткіліксіздігі бұл әдістерді толыққанды қолдануға кедергі болуы мүмкін. Дегенмен, мұндай әдіс-тәсілдердің артықшылықтары олардың кемшіліктерінен әлдеқайда басым. Олар оқушылардың мотивациясын арттырып, білімге деген қызығушылығын оятады.

Қорытынды ойлар

Қорыта айтқанда, заманауи әдіс-тәсілдерді бастауыш сыныпта тиімді қолдану оқушылардың оқу нәтижелерін жақсартуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бұл бағытта жұмыс жасау білім беру жүйесін жетілдіруде маңызды қадам болып табылады. Оқушылардың болашақта қоғамның белсенді мүшесі болып қалыптасуы үшін заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу қажеттілік болып отыр.

Қорытынды

Заманауи әдіс-тәсілдерді бастауыш сыныпта қолдану қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектісі ретінде қарастырылады. Бұл әдістер оқушылардың белсенділігі мен дербестігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Интерактивті оқыту, ойын технологиялары және компьютерлік құралдарды қолдану арқылы оқыту процесі қызықты әрі тиімді бола түседі. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай тәсілдер оқушылардың білім деңгейін айтарлықтай арттырады және олардың жеке тұлғалық дамуына оң әсер етеді.

Оқушылардың өзін-өзі тануы мен сыни ойлау қабілеттерін дамыту үшін заманауи әдістердің маңыздылығы зор. Алайда, кейбір мектептерде қажетті ресурстардың жетіспеушілігі бұл әдістерді толыққанды қолдануға кедергі келтіруі мүмкін. Дегенмен, артықшылықтары кемшіліктерінен әлдеқайда басым болғандықтан, мұндай әдістерді енгізу қажеттілігі туындайды.

Болашақта білім беру жүйесін дамыту үшін заманауи әдістерді кеңінен қолдануды ұсынамыз. Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін жекешелендіру қажет. Мұғалімдерге заманауи технологияларды қолдану бойынша арнайы дайындықтар өткізілуі керек. Оқушылардың мотивациясын арттырып, олардың қызығушылығын ояту үшін жаңа әдістерді іздестіру және енгізу маңызды.

Қоғамның белсенді мүшелерін қалыптастыру үшін білім беру жүйесінде заманауи әдістерді қолдану стратегиялық қадам болып табылады. Бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізу арқылы біз оқушылардың болашағына оң өзгерістер енгізе аламыз.

Міне, «Заманауи әдіс ‑ тәсілдерді бастауыш сыныпта тиімді қолдану» тақырыбына сәйкес, нақты бар және расталған әдебиеттер тізімі. Әдебиеттер негізгі бөлімде келтірілген деректерге сай таңдап алынды. Күмән тудырған немесе дерегі белгісіз материалдарды қоспадым.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Өрлеу. Бастауыш сынып пәндеріне “Step by step” және “ӨТШТ” технологиясын бейімдеу жолдары: әдістемелік құрал – Шымкент: Өрлеу, 2019. – 86 б. (library.orleu-edu.kz)

2. Карсыбаева Р. К. Бастауыш сыныпта әдебиеттік оқыту әдістемесі [Оқу құралы] – Алматы: KEMEL KITAP, 2024. – 302 б. (e-lib.dulaty.kz)

3. Оспанов Т. Қ. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі – Астана: Фолиант, 2012. (engime.org)

4. Әбілқасымова А. Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі – Алматы: Мектеп, 2014. (engime.org)

5. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии – Москва: Народное образование, 1998. (осы кітап «Логика әлемі» пәніндегі әдіс-тәсілдерге қатысты әдебиет ретінде аталған) (ust.kz)

6. Мақалалар мен әдістемелік материалдар

7. Сарсенбекова Г. Ш. «Lesson Study» әдісін бастауыш сыныпта қолдану // Открытый урок. – 2024. – №388. (ru.bilimainasy.kz)

Асанбай Айткүл Қайратбайқызы
Бастауыш сынып мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы




ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖЕКЕШЕ ЖӘНЕ КӨПШЕ ТҮРІ

Білім беру ұйымының атауы	№51 гимназия
Пәні:	**Қазақ тілі**
Бөлім:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті
Педагогтің аты-жөні:	Асанбай Айткүл Қайратбайқызы
Күні:	
Сынып:	2 «Е»
Сабақтың тақырыбы:	**№95 сабақ.Зат есімнің жекеше және көпше түрі.**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; 2.4.2.2 көптік жалғауларын дұрыс қолдану.
Сабақтың мақсаты	Зат есімге көптік жалғауларын жалғай алады; Зат есімді көпше түрге айналдыра алады; Зат есімнің сұрақтарын қолдана алады,
Құндылық	Сауаттылық пен жауапкершілік
ЖИ мүмкіндіктерін қолдану	Wordwall, Gemini AI

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	**Психологиялық ахуал қалыптастыру** **«Өзіңе керегін ал»** мұғалім тақтаға немесе постерге түрлі-түсті «дәрумендерді» (қағаз қиындылары) іліп қояды. Әр дәруменнің үстіне жігерлендіретін сөздер жазылады: «Білім – күш» «Мен табысты боламын» «Ынта» «Еңбек» Мұғалім жылы үнмен: «Балалар, бүгінгі сабаққа өздеріңе қажет дәруменді таңдап алыңыздар. Қай сөз сізге күш береді?» – деп бағыт береді.	Оқушылар постердегі жазуларды оқып, өзіне ұнаған немесе қажет деп санаған «дәруменді» таңдайды. Таңдаған сөзін дауыстап оқиды. Өткенді пысықтайды.	«Жарайсың!», «Керемет!», «Өте жақсы!» сияқты мадақтау сөздерімен ынталандыру Дескриптор:	Постер

	Өткенді пысықтау Үй тапсырмасын тексеру 44-жаттығу  Жасырынған құс атауларын тап. Оларды жекеше, көпше түрде екі бағанға топтап жаз. Жекеше зат есім Көпше зат есім Сөздерді құрамына қарай талда. ЖИ: «wordwall.» ойыны ***Көркем жазу*** «Бала тілі-бал» Видеоролик тақырыпты ашу		Жасырынған құс атауларын табады-1б Оларды жекеше, көпше түрде екі бағанға топтап жазады-1б Дескриптор: Өледі мәнерлеп оқиды,зат есімдерді анықтайды-1б Зат есімдерді жекеше, көпше түрде жазады -1б	ҚБ: «Бәйге»  https://wordwall.net/ru/resource/29640511
Сабақтың ортасы	**Жаңа тақырып** 45-жаттығу **Өленді оқы.** **Дәптермен жұмыс** Зат есімдерді тап. Оларды зат есімнің көпше түріне айналдырып жаз. Бота- боталар, түйе – түйелер, төл-төлдер, құлын-құлындар, бие-биелер, қой-қойлар, қозы-қозылар, бұзау-бұзаулар, сиыр-сиырлар, ешкі-ешкілер, лақ-лақтар. **Жұптық жұмыс** Берілген сөздерді кестедегі орындарына жаз. Әжелер,қояндар,бала,дәптер, жазушы, шелектер, шаңғы,балалар. **Сергіту сәті** **«Дирижёр»** әдісі **Топтық жұмыс** 47-жаттығу Көптік жалғауларының тиістісін қойып, сөйлемдерді жаз. **1-топ.** Түйелер боздайды. Сиырлар мөңірейді. Қойлар маңырайды. Иттер үреді. **2-топ.** Ауданда суретшілер жарысы	Дәптермен жұмыс жасайды Зат есімдерді анықтайды. Жекеше, көпше түрде жазады Жұбымен бірлесе отырып, кестені толтырады Сергіту сәтін жасайды Топпен бірлесе жұмыс жасайды.	Дескриптор: «Кім?», «Не?», «Кімдер?», «Нелер?» сұрақтарына дұрыс сәйкестендіреді-1 б Кестеге сөздерді қатесіз орналастырады-1 б Дескриптор: **1-топ.**Көптік жалғауларының тиістісін қойып, сөйлемдерді жазады-2 б **2-топ**. Көптік жалғауларының тиістісін қойып, сөйлемдерді жазады-2 б **3-топ.** Жалғауларды дұрыс сәйкестендіреді-2 б	ҚБ: «Бәйге» оқулық ҚБ: «Бәйге»  плакаттар

Сабақты бекіту Сабақтың соңы	өтті. Балалар сурет салуды жақсы үйренген. Жеңімпаздарға сыйлық тапсырылды. **3-топ.** Сәйкестендіру. Қалам лар Жануар лер Кілем дар Ит дер Ине тар Доп тер **Саралау тапсырмасы** 46-жаттығу Мәтінді көшіріп жаз. Түйе-төрт түліктің бірі. Ол шөлге төзімді. Түйенің сүтінен шұбат жасалады. Зат есімдерді тауып, құрамына талда **Қосымша тапсырма** **«Алтын сақа»** ойыны Сұрақтарға жауап береді -Сөз таптарын ата -Зат есім дегеніміз не? -Зат есімнің сұрақтары -Жалқы есім дегеніміз не? -Жалқы есім қалай жазылады? -Зат есімнің жекеше түрі дегеніміз не? -Зат есімнің көпше түрі дегеніміз не? **Үй тапсырмасы** 48-жаттығу Шеңбер бойына жасырынған жануарлардың атын тап. Атауын жекеше, көпше түрде ата. Өзіңе ұнаған түліктердің біріне арнап өлең құрастырып көр. **Бағалау.** Оқушылар бағаланады **Рефлексия** «Асық» әдісі	Мәтінді жазады Қосымша тапсырманы орындайды. Үй тапсырмасын алады. Рефлексия жасайды	Дескриптор: Мәтінді көшіріп жазады-1б Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді-1 б	Оқулық 

Аязбаева Акниет Рустемкызы
Бастауыш сынып мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



БОЛЫМДЫ ЖӘНЕ БОЛЫМСЫЗ ЕТІСТІК

Бөлім:	**Атақты адамдар**	
Мұғалімнің аты-жөні	Аязбаева А.Р	
Күні:		
Сынып: **3Е**	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Болымды және болымсыз етістік**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.4.2.5 Болымды және болымсыз етістіктердің айырмашылығын табу 3.3.4.1 Сызба, кесте, фотосуреттерді пайдаланып мәтін құру	
Сабақтың мақсаты	- Болымды болымсыз етістіктердің айырмашылығын анықтайды; - Сызба , кесте , фотосуреттерді пайдаланып мәтін құрайды.	
Құндылық	**Патриотизм , ерлік пен батылдық**	
ЖИ мүмкіндігін қолдану	**Gamma ai , learning apps**	


Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру 8 мин	Психологиялық ахуал «Керегіңді ал» Балалар өздеріне бүгінгі сабақтар керекті қажеттіліктерін таңдап алады . Білім,ақыл,жақсы баға,жақсы көңіл-күй,сенімділік, мақсат,күш Сабақтың тақырыбы мен мақсаты жарияланады Етістік туралы білетінімді еске түсіремін «Ақсүйек» ойыны арқылы тапқан сүйектердегі сұрақтарға жауап береді 1.Етістік дегеніміз не? 2.Етістіктің сұрақтары 3.Етістік түрлері 4.Болымды етістік дегеніміз не ? 5. Болымсыз етістік дегеніміз не?	Өз қажеттілігін таңдайды	Шаңырақ әдісі арқылы Дескриптор: -Сұрақтарға жауап береді - 1б	Плакат, шаңырақ белгісі Слайд

Жаңа білім 10 мин	Оқулықпен жұмыс 39-жаттығу Мерген қыз мәтінін оқиды және сұрақтарға жауап беру арқылы Алия Молдагулованың портретін құрайды *1.Алия Молдагулова кім?* *2.Алия Молдагулова майданға не үшін барды ?* *3. Оның қаруы қандай еді?* *4.Мәтін қандай кітаптан алынған?* Алия Молдагулова туралы қысқаша айтып өту Сені көшеде журналист тоқтатып , Әлия Молдагулованың ерлігі туралы не білесің? Не деп жауап берер едің ? *Жасанды интелект арқылы сұрақ қойылады* Жеке жұмыс Мақалдарды оқы және берілген мақалдардың ішінен болымсыз етістіктерді тауып,болымды етістікке айналдыру 1. Күлме досыңа , Келер басыңа 2. Досыңмен көп сөйлеспе , жолынан қалдырасың, Дұшпаныңмен көп сөйлеспе , сырыңды алдырасың . 3. Еңбектен қашпа, ырысыңды шашпа **Сергіту сәті** 40-жаттығу Learning apps қосымшасы арқылы Берілген болымды етістіктерді болымсыз етістікке айналдырады	Тапсырмаларды орындаймыз	Дескриптор: -Сұраққа жауап береді-1б **Дескриптор:** -Сұраққа дұрыс жауап берілсе-1 б **Дескриптор:** -Берілген мақалдардың ішінен болымсыз етістіктерді табады;-1б -Болымды етістікке айналдырады-1б **Дескриптор:** -Берілген болымды етістіктерді болымсыз етістікке айналдырады-2б	Оқулық слай
Бекіту 20 мин	Жұптық жұмыс Берілген мәтінге қалып қойған тиісті етістіктерді қойып, түрлерін ажырату 4 топқа 4 түрлі мәтін беріледі ***Мектептегі бір күн 1 топ*** Бүгін Айжан мектепке ерте **келді**. Ол сыныптастарымен **амандасты**. Айжан сабаққа мұқият **тыңдады** және тапсырмаларды дұрыс **орындады**. Бірақ ол бүгін шулаған **жоқ**. Сабақта телефонмен **ойнамады**. Үй тапсырмасын да ұмытқан **жоқ**. Сабақтан кейін Айжан үйіне **қайтты**. Ол анасымен бірге ас дайындады, бірақ теледидар **көрмед і**. Кешке ерте **ұйықтады**. ***Табиғатты қорғау.*** *2 топ* Көктем мезгілінде күн жылы болады, құстар алыс жақтан ұшып **келеді.** Ағаштар бүршік **атады,** түрлі-түсті гүлдер **өседі**. Біз сынып болып саябаққа **бардық,** табиғатты тамашалап, суретке **түстік**.		**Дескриптор:** -Берілген мәтінге қалып қойған тиісті етістіктерді қойып, түрлерін ажыратады;2б	

	Біз гүлдерді жұлған **жоқпыз**, ағаш бұтақтарын сындырған **жоқпыз**. Қоқысты жерге тастаған **жоқпыз**, керісінше, арнайы жәшікке **салдық**. Табиғатты қорғауға әрдайым уәде **бердік.** ***Денсаулықты күту*** **3 топ** Мен денсаулығымды күтуге **тырысамын.** Таңертең ерте **тұрамын**, беті-қолымды жуып, жаттығу **жасаймын**. Дұрыс тамақ **ішемін**, көкөніс пен жемісті жақсы **көремін.** Мен зиянды сусын **ішпеймін**, фастфудты жиі **жемеймін**. Түнде кеш **жатпаймын.** Сондықтан мен өзімді сергек **сезінемін,** сабақта белсенді **отырамын.** ***Сыныптағы жарыс*** **4 топ** Біздің сыныпта «Білімді оқушы» атты жарыс **өтті**. Оқушылар екі топқа **бөлінді**. Әр топ сұрақтарға тез әрі дұрыс жауап **берді**. Балалар тапсырмаларды мұқият **орындады**, бір-біріне **көмектесіп**, ақылдасып жұмыс **істеді**. Ешкім кешіккен **жоқ**. Оқушылар тәртіп бұзған **жоқ**. Біз босқа сөйлескен **жоқпыз**, керісінше білімімізді **көрсеттік.** Жарыс соңында мұғалім жеңімпаз топты **марапаттады.** Біз қуанып, бір-бірімізді **құттықтадық.** Бұл күн бәрімізге ерекше әсер **қалдырды.** Топтық жұмыс **41-жаттығу** Туған күн, кездесу, басқа да мерекелерге шақыру қағазын дайындау **1 топ** – шақырту қағазының сыртқы бейнесін дайындау **2 топ** – шақырту мәтінін жасау **3 топ**- берілген мәтіннен болымды , болымсыз етістіктерді табады **4 топ**- комикс арқылы рет – ретімен оқиғаны орналастыру		**Дескриптор:** 1 топ шақырту қағазының сыртқы бейнесін дайындайды - 2б; 2 топ шақырту мәтінін жасайды- 2 б; 3 топ берілген мәтіннен болымды , болымсыз етістіктерді табады - 2 б; 4 топ комикс арқылы рет – ретімен оқиғаны орналастырады -2б;	Плакат , түрлі-түсті карандаш,сәндеуіш құралдар
Сабақтың соңы 5 мин	«Менің сөзім» әдісі Бүгінгі сабақтың басында өзіңе керегіңді алған қажеттілігіңді өтедің бе? Рефлексия Сұрақ арқылы оқушы өзінің сабаққа қатысуын анықтайды, берілген бағалаумен бағалап,мұғалім нақты дескрипторға сай бағасын қояды. Үй тапсырмасы : болымды ,болымсыз етістіктерді пайдаланып 5 сөйлем құрау		Интерактивті тақтамен бағаланады	Интерактивті тақта

Бақтыбаева Гүлшат Санақбайқызы
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



ӘДЕПТІ БАЛА. ҰШҚАН ҰЯ

Білім беру ұйымының атауы	№51гимназия	
Пәні:	Әдебиеттік оқу. Алматы кітап	
Бөлім:	**Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті**	
Педагогтің аты-жөні:	Бақтыбаева Гүлшат Санақбайқызы	
Күні:		
Сынып: 2 «Ә»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**№67 сабақ. Әдепті бала. Ұшқан ұя**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.1.3.1 - шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау	
Сабақтың мақсаты	Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіреді.	
Құндылық:	"АДАЛ АЗАМАТ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ Астана, 2025 БАҒДАРЛАМАСЫ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ Ақпан айы: ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ Апта дәйексөзі: «Өнерлі бала өрге жүзер»	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі//уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру Жаңа білім	**Психологиялық ахуалды жақсарту** **Үй тапсырмасын сұрау** Тыйым сөздер. «Әжемнің өзі-бір мектеп» өлеңі жатқа сұралады. -Тыйым сөздер сені неге үйретеді? 8-тапсырма «Отпен ойнама!» деген тыйым сөзді сурет арқылы бейнелеп,түсіндіреді. **Жаңа тақырып** 1-тапсырма	Ойын ойнайды Үй тапсырмасын тексертеді	Мақтап,мадақтап отыру ҚБ: «Ою» әдісі Дескриптор: Берілген тақырыпқа сурет салады-1б	Баяу әуен суреттер

	ФС тапсырмасы Үйге келген қонақпен амандасасың ба? -танысамда,танымасам да келген қонақпен амандасамын. -өздері амандасса амандасамын. -егер танымасам амандаспаймын. -бірінші болып өзім амандасамын. **Көрініс З.Ахметова «Атасы мен немересі»** **Автор:** -Бала тәрбиесі-ұлт болашағы.Қазақ халқында ата тәрбиесі ерекше орын алған.Бүгін сіздерге ата мен немере арасындағы тағылымды әңгімені ұсынамыз. Немере жүгіріп келеді. -Ата,ата!Сізден бір нәрсе сұрасам бола ма? Ата күлімсіреп: -Әрине,балам.Сұрағыңды қоя ғой. -Ата,жақсы адам қандай болады? -Жақсы адам әдепті болады,балам.Үлкенге сәлем береді,кішіге қамқор болады.Ата анасын құрметтейді. Немере:-Ал батыр болу үшін күшті болу керек пе? -Батырлық тек күште емес,жүректе болады.Шындықты айту,қателігіңді мойындау,еліңді сүю-нағыз батырлық. -Мен де батыр болғым келеді. -Онда көп оқы,көп ізден.Үлкеннің сөзін тыңда.Ұлттық тәрбиені ұмытпа! Ана:-Балам,атаңның айтқанын есіңде сақта.Атаның сөзі-ақылдың көзі. Немере:-Рақмет,ата.Мен сіздің сөзіңізді әрқашан есімде сақтаймын. Қорытынды сөз. Саралау: мазмұнды саралау **2-тапсырма** Автормен таныстыру. **Бейнебаян тамашалау.**	Өзінің не істейтінін айтады Мәтінді оқиды Рөлге бөліп сахналау Саралау:«Тал дау» (кейіпкерге баға беру, моральдық тұрғыдан талдау). Бір-бірімен амандасады	Дескриптор: Сұраққа жауап береді-1б Өз ойын білдіреді-1б **Дескриптор** Мәтінді түсініп,тізбектей оқиды -1б Жарайсыңдар! Дескриптор: Кішкентай Бауыржанның қонақтармен амандасуын көрсетеді-1б	https://wordwall.net/ru/resource/28566837 Оқулық   Іс-қимылдар
Бекіту				

	Оқулықпен жұмыс. Мәтінмен жұмыс. Түсініп,мәнерлеп,тізбектей оқу. **Сөздік жұмыс** Бірауыздан- барлығы бірдей Бекіту.«wordwall.» ойыны https://wordwall.net/ru/resource/28566837 **Жұптық жұмыс** **3-тапсырма** -Кішкентай Бауыржан қонақтармен қалай амандасты? Қимылмен бейнелеп көрсет **Сергіту сәті.** Топтық жұмыс **1 топ** -Бауыржанның орнында болсаң сен не істер едің**?** **2-топ** -Ауыл ақсақалдары неліктен жамырай күлді? **3-топ** - Бауыржан әкесінің сөзінен қандай өнеге алды? **4-топ** -Бауыржан өскенде қандай адам болды? 5-тапсырма Дәптермен жұмыс. Бауыржанның әкесі айтқан ақыл сөзін тауып,көшіріп жаз. -Жарайсың балам! Үйге кіргенде әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа.Әдепті бала сөйтеді. **Үй тапсырмасы** 7-тапсырма Момышұлы туралы қосымша мәлімет тап.	Жаттығулар жасайды Өз ойын айтады Дәптермен жұмыс жасайды Сұраққа жауап береді	КБ: «Оно» әдісі 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 Сен мықтысың! Дескриптор: Бауыжанның әкесі айтқан ақыл сөзін тауып,көшіріп жазады-1б Дескриптор: Сұраққа жауап береді-1б Өз ойларын жеткізеді-1б **Дескриптор:** Момышұлы туралы қосымша мәлімет тауып,жазып келеді-1б	Қимылдар Оқулық Жұмыс дәптері Суреттер Оқулық Жұмыс дәптері
Кері байланыс	**Рефлексия** **Бағалау**	Кері байланыс жасайды		Кері байланыс парақтары

Бекесова Фарида Кадиржақызы
Бастауыш сынып мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



УАҚЫТТЫ АНЫҚТАЙТЫН ҚҰРАЛДАР

Білім беру ұйымының атауы	**№51 гимназия**	
Пәні	**Жаратылыстану**	
Бөлім:	**Саяхат**	
Педагогтің аты-жөні:	Бекесова Ф.К	
Күні:		
Сыныбы:	1 «Ж»	
	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Уақытты анықтайтын құралдар**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	1.4.3.2 Оқушылар уақытты анықтайтын құралдармен танысады,олардың түрлерін ажыратады және уақытты анықтауды үйренеді	
Сабақтың мақсаты	Уақытты анықтайтын құралдармен танысады	
ЕББҚ оқушыға арналған сабақ мақсаты	Мұғалімнің көмегімен уақытты көрсететін құралдарды таниды және сурет арқылы ажыратады	
Құндылықтарды дарыту	Татулық және ынтымақтастық. Топтық жұмыстар арқылы бірлесе әрекет етуді үйрету,әртүрлі көзқарастарды құрметтеу	
ЖИ мүмкіндіктерін пайдалану	Видео,рефлексия	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері / уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 5 мин	***Ұйымдастыру кезеңі*** *– Сәлеметсіңдер ме, балалар!* *– Бүгінгі сабаққа дайынсыңдар ма?* Мұғалім оқушылардың сабаққа дайындығын тексереді ***Психологиялық ахуал орнату*** - Бүгінгі сабаққа бір-біірімізге жақсы тілектер айтып, мына көгершіндерді ұшырайық.	Оқушылар амандасады: -Сәлеметсізбе апай! Оқушылар көгершін ұшыру арқылы әрқайсысы тілек білдіреді -Сабағымыз қызықты		

Өткенді пысықтау 5 мин Жаңа сабақ 2 мин	***Өткенді қайталау*** ***«Жасырын сұрақтар» әдісі*** Өткен сабақ тақырыбы бойынша сабақты қайталау үшін сұрақтар қойылады. Оқушылар сұрақтарға жауап береді.  ***Жаңа сабақты ашу*** **«Уақытты анықтайтын құралдар»** ЖИ көмегімен құрастырылған «Уақытты анықтайтын құралдар» туралы бейнероликті тыңдату. Бейнероликтегі мәліметтерге назар аударту.  Мәліметтерге сүйене отырып оқушылардан түсінгендерін сұрақ арқылы білу -Балалар, бейнеролик не туралы болды? -Уақытты анықтайтын құралдар не үшін керек? Оларды адамдар қай кезде ойлап тапты? Күнсағат-күн сәулесі арқылы уақытты анықтауға қолданылатын аспап.Алғашқы күнсағат Ежелгі Мысырда жасалған.Олар уақытты Күннің қозғалысы бойынша анықтаған.Сол уақыттан бері сағаттың солдан оңға қарай айналу бағыты өзгерген жоқ.	өтсін! -Жақсы көңіл-күй тілеймін! -Сабағымызға сәттілік! -Белсенді болайық! Оқушылар сағаттардың артындағы сұрақтарға жауап береді. Оқушылар «Уақытты анықтайтын құралдар» ЖИ арқылы тамашалайды. Мұғалімнің көмегі арқылы жаңа сабақты талқылайды Сұрақтарға жауап береді.		 Интерактивті тақта ЖИ
Сабақтың ортасы 10 мин 	*Дәптермен жұмыс. Ұжымдық жұмыс* *1-тапсырма.* *Сағат атауларын жаз.* Оқушылардың жұмысын бақылаймын, қажет болған жағдайда бағыт-бағдар беремін. Уақытты қадағалаймын. Жауаптардың дәлдігі мен дәптердегі жазу сауаттылығына қарай мадақтау арқылы	Оқушылар ұжымдаса отырып дәптердегі 14-беттегі тапсырманы орындайды	**Дескриптор:** 1-сағаттың атын жазады; 2-сағаттың атын жазады; 3-сағаттың атын жазады; 4-сағаттың атын жазады; Смайликтер арқылы бағалау	Дәптер Сурет

2 мин 2 мин	бағалаймын.   *ЕББҚ оқушыға тапсырма- пазл құрастыру* 2-тапсырма. Жеке жұмыс 1 минутта есеп шығару Сергіту сәті ЖИ көмегімен жасалған видеодағы іс-қимылдарды қайталатады. 3- тапсырма. Жұптық жұмыс «Сәйкестендіру» Сағат неше?   4-тапсырма. Топтық жұмыс 1- топ «Көлеңкесін тап» 2- топ «Артығын тауып көр» 3- топ «Сағаттарды ажырату»	Қималардан сурет құрастырады және оны сипаттайды Құмсағат арқылы 1 минутта қанша есеп шығарғаны есептеледі Видеода көрсетілген қимылдарды қайталап көңіл-күйін көтереді. Бейнеленген сағаттағы көрсетілген уақытты сәйкестендіреді	 **Дескриптор:** -суретті құрастырады; -оны сипаттайды Смайликтер арқылы бағалау  **Дескриптор:** -1-сағаттағы уақытты сйкестендіреді; 2-сағаттағы уақытты сйкестендіреді; 3-сағаттағы уақытты сәйкестендіреді; Смайликтер арқылы бағалау	Қалам Қарандаш

Сабақтың соңы Рефлексия 4 мин	 *Сабақты бекіту:* *Мен уақытымды бағалаймын!* *1-топ Отбасыммен өткізген уақыт ең қымбат уақыт* *2- топ Мектептегі өткізген уақыт ең қымбат уақыт* *3-топ Демалыс күндері өткізген уақыт ең қымбат уақыт* Оқушыларға рефлексия жасауды түсіндеру. «Әр батырманы басып, сабақты қаншалықты түсінгендерін көрсетіп өтіңдер» рефлексия беру үшін нұсқау беру. 	Әртүрлі сағат суреттері беріледі,сәйкесінше көлеңкесін табады Берілген сөздердің ішінен артығын табады Көне сағаттар мен жаңа сағаттарды ажыратып тапсырманы орындайды Оқушылар топтасып, ақылдасып өз ойларын айтады Сабақты қорытындылап рефлексия жасайды. Өзі таңдаған нұсқаның батырмасын басады.	 **Дескриптор:** **1-топ:** -1-сағаттың көлеңкесін табады; 2-сағаттың көлеңкесін табады; 3-сағаттың көлеңкесін табады; **2-топ:** -1-жолдан артық сөзді табады; 1-жолдан артық сөзді табады; 1-жолдан артық сөзді табады; **3-топ:** -көне сағаттарды табады; -жаңа сағаттарды табады. Смайликтер арқылы бағалау 	А 3 қағаз сағат суреттері, желім

Боранбаева Карина Азикызы
Бастауыш сынып мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы







ЖҰМБАҚ АЙТЫП БЕРЕЙІН

Білім беру ұйымының атауы	51 гимназия
Пәні:	Әдебиеттік оқу Алматыкітап
Бөлім:	**Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті**
Педагогтің аты-жөні:	Боранбаева К.А.
Күні:	
Сынып: 2	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**№71 сабақ. Жұмбақ айтып берейін.**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.4.1мақал-мәтел,жұмбақ,ертегі, тұрмыс-салтжырлары,әңгіме,өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау 2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану
ЕББҚ	2.3.3.1** шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер арқылы ұсыну
Сабақтың мақсаты	Жұмбақ туралы түсінік алу

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	Психологиялық ахуал қалыптастыру  Үй тапсырмасын сұрау “Сиқырлы кітапхана” әдісі Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жасап беру  Жаңа сабақ ФС тапсырма Саралау: тапсырма Тірек сөздердің көмегімен сабақ тақырыбын ашады.	Оқушылардың назарын сабаққа аудару Үй тапсырмасын дағы сұрақтарға жауап береді.	Мақтап,мадақтап отыру Дескриптор: Үй тапсырмасын айтады-1б	 Оқулық
Сабақтың ортасы 25мин				

Сергіту сәті Қосымша тапсырма	 Сабақ тақырыбы анықталып, сабақ мақсаты жарияланады.  **ЖИ: KingaAi-видео** **ЕББҚ** Мақсаты: жұмбақтар жаттату Өзің білетін жұмбақтарды достарыңа жасырып көр.  **Жұптық жұмыс** 3-тапсырма Оқып,жаңа сөзді тап. «Б»-дан егер бастасаң, Адам болам малы көп. «Б»-ны сызып тастасаң Ойла көктің сәні деп. (бай,ай) «Б»-дан егер бастасаң, Туысыңмын ардақты. «Б»-ны сызып тастасаң, Бола қалам салмақты. (бауыр,ауыр)  **Жеке жұмыс** 4-тапсырма Дәптермен жұмыс. Өзің білетін бір жұмбақ жаз.  Сергіту сәті	Трек сөздер арқылы сыйлық артында жасырылған сөзді табады. Жұмбақ туралы мәлімет тыңдайды. Тапсырманы әр оқушы өз деңгейінде орындайды Жұмбақты оқиды Жаңа сөздерді табады Оқушылар өздері білетін бір мақалды еске түсіріп жазды және оқиды. Көрсетиілген ритмикалық қимылдарды жасайды Әр топқа берілген жұмбақтарды шешіп,		https://wordwall.net/ru/resource/38553692 https://wordwall.net/ru/resource/38553692  Оқулық Жұмыс дәптері Жұмыс дәптері Асықтар

	 **Топтық жұмыс** **I-топ** Берілген жұмбақтың шешуін тауып, түрлі түсті күрішпен бейнелеу. **II-топ** Жұмбақты шешіп, ермексезбен бейнелеу **III-топ** Жұмбақтың шешуін тауып, суретін бейнелеу **IV-топ** Жұмбақтың шешуін тауып, пазл құрастыру     **Қорытындылау** 5-тапсырма Жұмбақты шешу оңайма? Жұмбақты шешу үшін не істеу керек? **Қосымша тапсырма** **ЖИ:"Wordwall»** Жұмбақты шешіп,жауабын айт. Ызақор бұғып жатыр, Сақалы шығып жатыр. (жуа) Сырты жасыл қатты Іші қызыл тәтті. (қарбыз) Жерде жатып желіндейді,	шығармашылық тапсырмалар орындайды. Жұмбақты шешу үшін жасалатыг алгоритмдерді айтады. Жұмбақ шешеді.		Плакат, түрлітүсті ояу, желім, күрі т.б  https://wordwall.net/ru/resource/67803104/%D0%B6%D2%B1%D0%BC%D0%B1%D0%B0%D2%9B

	Күз түскенше желінбейді. (қауын)			
			Дескриптор Жұмбақты оқиды-1б Жаңа сөздерді табады-1б Дескриптор: Жұмбақ жазады-1б Жұмбақты оқиды-1 б Жарайсыңдар! Дескриптор: Жұмбақты шешіп,жауабын айтады-1б Шығармашылық тапсырма орындайды-2 балл Алгоритмдер айту -1 б Жұмбаққа дұрыс жауап беру-1 б	
Сабақтың соңы 10 мин Кері байланыс	**Бағалау**  **Кері байланыс**  Жасыл асық-сабақты түсіндім Сары асық-сұрағым бар. Қызыл асық- сабақты түсінбедім **Үй тапсырмасы.** Жұмбақ жаттап, “Жұмбақ айтысқа” дайындал .	Сабақ бойы жинаған балдары жарияланады . Кері байланыс жасайды. Асықтарды таңдап басады. Үй тапсырмасын алады	Жарайсың! «Асық» әдісі	«Бәйге» әдісі

Ешниязова Марал Манатовна
Бастауыш сынып мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы






ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖЕКЕШЕ ЖӘНЕ КӨПШЕ ТҮРІ


Білім беру ұйымының атауы	№51 гимназия
Пәні:	**Қазақ тілі**
Бөлім:	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті
Педагогтің аты-жөні:	Ешниязова М.М
Күні:	
Сынып:	2 «З»
Сабақтың тақырыбы:	**№94сабақ.Зат есімнің жекеше және көпше түрі. 41-44-жаттығулар.**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.4.2.2 көптік жалғауларын дұрыс қолдану; 2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау
Сабақтың мақсаты	Зат есімге көптік жалғауларын жалғай аламын. Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажыратамын
АКТ	Интербелсенді тақта, wordwall ойыны

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру, оқушылар зейінін ұйымдасытыру. Психологиялық ахуалды жақсарту **«Гауһар тас»** Оқушылар экрандағы гауһартасты таңдайды, жасырынған сөзді оқып көңіл күйі көтеріліп, сабаққа ынтасы көтеріледі.	Сабаққа дайындық жасап, жақсы сөздерді оқиды.	Мақтап, мадақтап отыру	Оқу құралдары, слайд, көрнекіліктер Интерактивті ойын.

Үй тапсырмасын тексеру. 5 минут	 Үй тапсырмасы интерактивті әдіспен powerpoint қосымшасында құрастырылған сұрақтар бойынша сұралады.  **«Ой қозғау»** **Жасырынған сөздерді табу.** Жасырынған сөздер **көпше, жекеше, зат, есім.**	Өткенді пысықтайды		Суреттер, әріптер
Жаңа тақырыпқа кіріспе	**- Бүгінгі өтетін жаңа тақырып** «Зат есімнің жекеше және көпше түрі». **Сабақтың мақсаты:** Көптік жалғауларын дұрыс қолдану. Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажыратуды үйренеміз **Бағалау парағын тарату.** Әр дұрыс жауап сайын бал қою.	Жаңа тақырыпты ЖИ арқылы тыңдап, есте сақтайды.	Дескриптор: Көпше түрін табады -1 б Жекеше түрін табады -1 б	Суреттер
Сабақтың ортасы 20 минут	**Бейне роликке назар аудару.** Жаңа тақырыпқа кіріспе жасалған кезде, жасанды интеллект (ЖИ) оқушыларға қысқаша, маңызды ақпарат береді және тақырыпты түсінуге қажетті негізгі мәліметтерді ұсынады. **Көрнекілікпен жұмыс.** Жекеше және көпше зат есім Есіңде болсын! Зат есімнің жекеше, көпше түрі болады. **Кім? не?** сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің **жекеше түрі** деп атайды. Мысалы: *әке, үй, құс.* **Кімдер? нелер?** сұрақтарына жауап беретін сөздерді зат есімнің **көпше түрі** деп атайды. Мысалы: *әкелер, үйлер, құстар.* **Дәптермен жұмыс.** Күннің жадын жазып қою Көркем жазу минуты. ***Батыр туса- ел ырысы*** **Оқулықпен жұмыс** 42-жаттығу Өлеңді жатқа айту. Қарға , қарға, қарғалар,	Оқушылар суреттерді саралайды. Өлеңді топтасып оқу.	Дескриптор: Өлеңді жатқа айту-1 б Зат есімдерді тауып	Оқулық

Сергіту сәті 2 минут	Қар үстінде жорғалар. Екі шоқып, бір қарар, Деп «жолымды оңғарар». **Топтық жұмыс** Берілген мәтін ішінен зат есімнің көпше түрін теріп жазу. **1-топ.** Көктем келді. **Күн** жылынды. **Түн** қысқарып, **күн** ұзарды. **Құс** ұшып келді. **Ағаш** бүршік жарды. Жылғалардан **су** ақты. **2-топ.** Әжемнің сандығында зергерлік бұйымдар бар. Сандығының ішінде алтын **сақина**, күміс **білезік**, әшекейлі **сырға**, асыл тасты **алқа** бар. **3-топ. Түйе** шөлге төзімді үй жануары. **Сиыр** сүт береді, молшылық әкеледі. **Қой** жүнінен киім тоқып, етін ас қылады. Төрт түлік **мал** береке мен ырыс нышаны.   Нейро жаттығу «Екі қолыммен жұмыс жасаймын» әдісі  	Зат есімнің жекеше түрін тауып, көпше түрге айналдыру.	айтады, зат есімнің түрін анықтайды-1б Дескриптор: Зат есімнің жекеше түрін табады-1 б Көпше түрге айналдырып жазады-1 б Керемет! Дескриптор: Берілген сөздерді жекеше және көпше түрін ажыратады-2б	Суреттер

Сабақты қорыту **6**минут Кері байланыс 5 минут Сабақтың соңы	**Жеке жұмыс** Семантикалық картамен жұмыс **Жұптық жұмыс.**  Жасырынған құс атауларын тап. Оларды жекеше, көпше түрде екі бағанға топтап жаз. Жекеше зат есім — Көпше зат есім Тоқылдақ — тоқылдақтар Торғай — торғайлар, шымшық — шымшықтар, Қарға — қарғалар. **Үй тапсырмасы** 43-жаттығу Жаңылтпашты жатқа жаз. Шүрегей,сүңгуір сөздерінің көпше түрін айт Шүрегейлер Сүңгуірлер Рефлексия **«Асық»** 	Жеке жұмыс жасайды	Дескриптор: Жасырынған құс атауларын табады-1б Оларды жекеше, көпше түрде екі бағанға топтап жазады-1б Дескриптор: Жаңылтпашты жатқа жазады-1б Шүрегей,сүңгуір сөздерінің көпше түрін айтады-1б Үй тапсырмасын алады	 Кері байланыс тақтасы 

	Жекеше	Көпше
Кітаптар		
Балапан		
Құстар		
Қарға		
Тақта		

Талап Гүлдана Серікжанқызы
Бастауыш сынып мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



БЕСІК ЖЫРЫ

Бөлім	**Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті**	
Педагогтің аты-жөні	Талап Гүлдана Серікжанқызы	
Күні:		
Сынып:2	Қатысушылар саны:	Қатысушылар саны
Сабақтың тақырыбы	**№69 Бесік жыры.**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.2.4.1 мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	
Сабақтың мақсаты	Мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтайды	
Құндылық:	Өзінің және өзгенің іс-әрекеттерін адамгершілік нормаларына сәйкестігі тұрғысынан талдай білу	
ЖИ мүмкіндіктерін қолдану	Презентация, бейне-ролик, gamma.ai, wordwall	

Сабақтың барысы

Уақыты	**Педагогің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы. 5-мин	**Ұйымдастыру кезеңі** **1.Сәлемдесу** **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру** Біздің сынып әдепті, Бәріне көмек береді. Біздің сынып әрқашан Жетістікке жетеді. Біздің сынып қашанда Алғашқы боп жүреді. Мұғалімдер барлығы Бізді мақтан етеді. (оқушылар көңіл-күйлерін қимылмен көрсетеді)  **Алдыңғы білімді еске түсіру**	Ширату жаттығуын жасайды. Мәтінді мәнерлеп оқиды	Жарайсыңдар! **Кәмпиттер арқылы бағалау** 	

	«Байғазы» мәтінінен сұрақтарға толық жауап береді. «АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін Ай құндылығы: **жасампаздық және жаңашылдық** Апталық дәйек сөз: **«Жаңашылдық – заман талабы»** **Құндылық:** Өзінің және өзгенің іс-әрекеттерін адамгершілік нормаларына сәйкестігі тұрғысынан талдай білу			
Сабақтың ортасы 10 мин	Оқу мақсатын таныстырамын. 1- тапсырма Жаңа тақырыпты ашу. «Ассоциация құру» *– Әрі төсек, әрі үй* *Иесі оның сәби (сәби)* *-Бесік деген не? Бесік жырын кім айтады?* **«*Халық ауыз әдебиеті* –** ауызша тараған көркем-әдеби шығармалар. Олар жаттап алу арқылы ауыздан ауызға таралған, сондықтан*ауыз әдебиеті* деп аталады»  	. Сұрақ төңірегінде ой-қозғау жүргізіледі. Оқушылар өзі білетін ауыз әдебиетінің түрлерін атайды.	**Бағалау критерийі** Мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтайды **Дескрипторы:** тақырыпқа сай құрады 2 балл	Суреттер
10 мин	**Топтық жұмыс** ҚБ **2- тапсырма** **ОДД:білу,түсіну,қолдану** **Оқылым.** **«Ілесіп көр » әдісімен оқиды** **« Бесік жыры»** өлеңін мәнерлеп оқиды  **Нұсқау:** «Бесік жыры» өлеңін тізбек бойынша оқуына мүмкіндіктудырады. Оқушылардың тізбекті үзбей, мәнерлеп, белгілеп,түсініп оқуына қолдау көрсетеді..	Оқушылар «Бесік жырын» тізбек бойынша оқиды. Оқыған өлең мазмұнын топта талдап, мазмұнын топта баяндайды.		Оқулық ,дәптер

	Тұрмыс-салт жырларының ішіндегі ең көнесі бесік жыры екенін айту - Анасы өлеңде сәбиге қандай жақсы сөздер арнаған? Білгенің жөн Бесік-ата-бабамыздан қалған мұра Бесік нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек.Бесікті тербеткенде тербелісіне ыңғайлас сазды әуен айтып баланы тыныштандыра отырып,оның жан-дүниесіне ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру(бейне ролик көрсетіледі) -Дәптермен жұмыс, жаңа сөздік «Байғұтан-иттің аты»  Жұптық жұмыс Бесікке салады, бесікке бөлейді, бесікті тербетеді-сөз тіркестердің мағынасын түсіндіреді.	Баланы бесікке салады, бесікке бөлейді, бесікті тербетеді сөз тіркестерінің мағынасын түсініп, есінде сақтайды.	**Бағалау критерийі** Шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқиды - **Дескрипторы:** Мәтінді оқиды 2 балл -Сұрақтарға жауап береді 2 балл Саралау тапсырмасын орындайды 2 балл	
5 мин	Сергіту сәті	Оқушылар бірге айтады	**Жарайсыңдар!**	Оқулық Слайд
10 мин	**Топтық жұмыс** **Жазылым** **ОДД:білу,түсіну,қолдану** *1.* 1 топ «Тәрбие» Анасы сәбиге өлең жолдарында қандац жақсы сөздер арнады? *2.* 2-топ «Дәстүр» Халық ауыз әдебиетінің түрлерін ата  *3.* 3-топ «Бірлік» бесіктің пайдасы? *4.* 4-топ «Бақыт» бесікке байланысты дәстүрлер...	Оқушылар бесік туралы өздері білетін сөздерін ақ параққа жазып, сынып қабырғасына іледі. Содан кейін бір-бірінің жазғанын оқып, айтып көреді.	**Бағалау критерийі** Мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтайды **Дескрипторы:** сөйлемді сауатты, көркем етіп жазады.2 балл	Оқулық


				
Сабақтың соңы 5 мин	**Кері байланыс: «білім қақпасы»** әдісі бойынша өтеді. -Халық ауыз әдебиетіне мысал келтір -Бесік жырын кім айтады?Бесік не үшін керек -Өлеңде балаға қандай жақсы сөздер айтылған - Халық ауыз әдебиетінің түрлерін ата **Рефлексия: «менің көңіл-күйім»** әдісі бойынша өтеді. **Үйге тапсырма:** 44 бет, Бесік жырының ұнаған шумағын жаттау	Тапсырма бойынша ой қорытып, сабаққа рефлексия жасайды.	Сұрақтарға жауап береді.	


Төлеуова Құндызай Мұратбекқызы
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-модератор
№51 гимназия
Ақтөбе қаласы



ТЕКШЕ (КУБ)

Пәні:	**Математика**
Бөлім:	Кеңістік фигуралар
Педагогтің аты-жөні:	Төлеуова Қ.М:
Күні:	
Сынып:	3 «Д»
Сабақтың тақырыбы:	**№96 сабақ. Текше (куб)**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.3.2.3 кеңістіктік геометриялық фигуралардың (тікбұрышты параллелипипед, куб) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру
Сабақтың мақсаты	Текшенің жазбасын дайындауды және оның моделін жинауды үйренеді
Құндылық:	«АДАЛ АЗАМАТ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ Астана, 2025 БАҒДАРЛАМАСЫ БІРТҰТАС ТӘРБИЕ Қаңтар айы: Заң және тәртіп Апта дәйексөзі: «Тәртіпсіз ел болмайды»
ЖИ элементтерін қолдану	Гамма

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақ тың басы 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру  «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезеңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргізем. **Құндылық мақсаты:** Моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелерін білу	Өлең жолдарын хормен оқиды		Суреттер Оқулық
Өткенді пысықтау 5 минут	Өткенді пысықтау Өтілген тақырыптарды пысықтап кел. Математикалық диктант.	Өткенді пысықтайды Математикалық диктант орындайды	Дескриптор: Есептеудің нәтижесін тармақтап жазады-1б Өтілген тақырыптарды біледі-1б	Ереже жазылған плакат
Сабақ тың ортасы 20 минут	Есептеудің нәтижесін тармақтап жаз: 1. 16 мен 5 сандарының көбейтіндісінің мәні ... тең . 2. 96 санының 6-ға бөліндісінің мәні ....тең. 3. 14 саны 84-тен неше есе кіші? 4. 27 санын 3 есе арттыр. 5. 85 санын 5 есе кеміт. 6. 77 саны 11 санынан неше есе артық? 7. Қандай сан 41санынан 2 есе артық? 8. 20 мен 3 сандарының көбейтіндісі 21 мен 2 сандарының көбейтіндісінен қаншаға артық? 9. 96 саны шығу үшін 12-ні қандай санға көбейту керек? Жауаптары: 80, 16, 6, 81, 17, 7, 82, 18, 8	Жаңа тақырыпты игереді Диалог арқылы сұрақтарға жауап бере отырып жаңа ұғымды меңгереді	Тамаша жұмыс!  Жарайсыңдар! Дескриптор: Фигураларды атайды-1б Текше – барлық жақтары шаршы болып келетін көлемді фигура деп атайды-1б	Жұмыс дәптері Суреттер
	Жаңа тақырып Саралау: диалог және қолдау 1-тапсырма Фигураларды ата.Әр түрінен қанша фигура бар?  Текше – барлық жақтары шаршы болып келетін көлемді фигура (дене). Шаршылардың қабырғалары	Текшемен танысады Жұмыс нәтижесіне қарап бағаланады	 Дескриптор: Түтікшелер мен ермексазбен кубтың	 Ермексаз

	текшенің қыры, ал олардың төбесі деп аталады. Текшенің 6 жағы, 12 қыры, 8 төбесі болады Саралау: нәтиже Практикалық жұмыс 2-тапсырма Ермексазбен жұмыс Текше туралы білімдерді пайдалана отырып, түтікшелер мен ермексазбен кубтың моделін жасайды. Текшенің моделін жасаудың алгоритмін құрастырады. Саралау: жұптау және қолдау Жұптық жұмыс 3-тапсырма Есептерді шығар. а)дизайнер түсті қағаздан 6 дана көк, 4 дана қызыл қорап жасады. 1 қорапқа 36см(кв)-қағаз жұмсалған болса,барлық қорапқа қанша қағаз қажет болды? Көк қорап-6 дана Қызыл қорап-4 дана ? қағаз 1 қорап-36см^2 6+4=10қорап (барлығы) 10*36=360см^2 (қағаз) Ж: Барлық қорапқа 360 см^2 қағаз қажет ЕҚБ Мақсаты: өз бетінше есеп шығаруға дағдыландыру б) Есептегі деректерді өзгерт. Қосындысы 10 саны шығатындай қораптардың санын кез келген екі санға ауыстыр. Алынған есепті шығар. Көк қорап-7 дана Қызыл қорап-3 дана ? қағаз 1 қорап-36см^2 7+3=10қорап (барлығы) 10*36=360см^2 (қағаз) Ж: Барлық қорапқа 360 см^2 қағаз қажет ФС тапсырмасы 4-тапсырма Үлгі бойынша текшенің жазбасын қалай әзерлеуге болатынын ойластыр.Нұсқалардың бірін таңда.Текшенің жазбасын досыңмен бірге жаса.Шаршының қабырғалары 4см болсын. Дәл суреттегідей қорапты	Тапсырманы орындайды Жұптық жұмыста бір-біріне қолдау білдіре отырып орындайды Есептерді шығарады Жеке жұмыс жасайды Текшенің жазбасын жасайды Жаттығу жасайды Ойын арқылы өз деңгейінде орындайды Ойын ойнайды	моделін жасайды-1б Тамаша жұмыс орындадыңдар! Дескриптор: Есептерді шығарады-1б ҚБ: «Киіз үй»  Дескриптор: Үлгі бойынша текшенің жазбасын әзірлейді-1б Дәл суреттегідей қорапты қиып алып, оны бүктеп текшені құрастырады-1б Дескриптор: Ойын арқылы есептеу жүргізеді-1б Дойбы ойынын біледі-1б ҚБ: «Киіз үй»  Дескриптор:	Оқулық Оқулық Оқулық Қораптар  Суреттер Дойбы  Оқулық

Сергіту сәті 2 минут

	қиып алып, оны бүктеп текшені құрастыр! Қабырғасы-4 см Сергіту сәті Саралау: ойын 5-тапсырма Топтық жұмыс **«Дойбы» әдісі** Ойнайық! Ойыншының әрқайсысы екі текшені лақтырады.Түскен сандарды көбейтіп, нәтижесін жазады.Досың есептеудің дұрыстығын тексереді.Әр ойыншы ойынды 5 рет қайталайды. Мысалы: 5*6 =30 4*5= 20 3*2= 6 1*6= 6 5*6= 30 7-тапсырма Ойын текшесінің қарама-қарсы қабырларындағы нүктелердің қосындысын тап.Заңдылықты анықта. 2+5=7 3+4=7 6+1=7 Қосындысы 7-ге тең ЕБҚ Мақсаты: жай теңдеуді меңгерту a:30=9 4*a=360 a=9*30 a=360:4 a=270 a=90 270:30=9 4*90=360 9=9 360=360 Үй тапсырмасы 6-тапсырма Бөлінгіші белгісіз теңдеулерді көшіріп жазып, оларды шеш. 5*c=250 y*6=240 C=250:5 y=240:6 C=50 y=40 5*50=250 40*6=240 250=250 240=240 360:b=9 x:40=6 b=360:9 x=6*40 b=40 x=240 360:40=9 240:40=6 9=9 6=6 Кері байланыс 	Тапсырманы орындайды Жеке жұмыс жасайды Үй тапсырмасын алады Кері байланыс жасайды	Ойын текшесінің қарама-қарсы қабырларындағы нүктелердің қосындысын табады-1б Заңдылықты анықтайды-1б  Керемет сабақ болды!  «Білім гүлі» әдісі	Оқулық Текшелер Жұмыс дәптері Оқулық Оқулық Кері байланыс тақтасы
Сабақты қорыту **8**минут Кері байланыс 5 минут				

Арықбаева Гүлбадан Асылбекқызы
Музыка жетекшісі
№4 “Балбөбек” бөбекжай балабақшасы
Ақтөбе облысы, Алға қаласы



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН МУЗЫКА АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Аннотация. Бұл мақалада музыка арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері мен практикалық тетіктері ғылыми-публицистикалық сипатта жан-жақты талданады. Қазіргі білім беру кеңістігіндегі жаңартылған мазмұн жағдайында баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі ретінде музыкалық тәрбиенің маңызы айқындалады. Музыкалық іс-әрекет үдерісінде баланың эмоциялық әлемі, қиялы, ерік-жігері мен танымдық белсенділігі өзара ықпалдастықта дамитыны дәлелденеді. Музыка жетекшісінің кәсіби құзыреттілігі, педагогикалық шеберлігі және шығармашылық ұстанымы мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерекше рөл атқаратыны көрсетіледі. Балалардың шығармашылық белсенділігін арттыруда импровизация, музыкалық-ырғақтық қимылдар, ән айту, тыңдау мәдениеті мен аспапта ойнау әрекеттерінің мүмкіндіктері сипатталады. Музыкалық орта құру, ұлттық құндылықтарға негізделген репертуар таңдау және заманауи технологияларды орынды пайдалану мәселелері талқыланады. Мақалада балабақшадағы музыка жетекшісінің іс-тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: музыка жетекшісі, мектепке дейінгі тәрбие, шығармашылық белсенділік, музыкалық іс-әрекет, импровизация, ұлттық музыка, эстетикалық тәрбие, тұлғалық даму.

Мектеп жасына дейінгі кезең баланың тұлғалық қалыптасуында айрықша маңызға ие болғандықтан бұл кезеңдегі әрбір педагогикалық ықпал оның болашақтағы рухани, зияткерлік және әлеуметтік дамуына тікелей әсер етеді. Баланың дүниені қабылдау тәсілі эмоция арқылы жүзеге асатыны белгілі, ал эмоциялық әсердің ең қуатты құралдарының бірі музыка болып табылады. Музыкалық дыбыс, ырғақ пен әуен баланың ішкі әлеміне терең бойлап, оның қиялын оятып, шығармашылық қабілеттерін белсендіруге ықпал етеді. Мектепке дейінгі ұйым жағдайында музыка тек эстетикалық тәрбие құралы ғана емес, ол баланың жан-жақты дамуына бағытталған кешенді педагогикалық ресурс ретінде қарастырылады. Шығармашылық белсенділік ұғымы баланың жаңа бейнелер, ойлар мен әрекеттер тудыруға қабілеттілігімен сипатталады және бұл қасиет ерте жастан жүйелі түрде қолдау тапқанда ғана тұрақты сапаға айналады. Музыкалық іс-әрекет барысында бала тек дайын материалды меңгеріп қоймай, өз сезімін дыбыс, қимыл, ырғақ арқылы бейнелеуге ұмтылады. Осындай үдерісте оның дербестігі, бастамашылдығы және өзіндік пікір білдіру дағдысы қалыптасады. Музыка жетекшісі баланың табиғи мүмкіндіктерін байқай отырып, оларды шығармашылық арнаға бағыттай алғанда ғана оқу-тәрбие жұмысы нәтижелі болады. Қазіргі қоғамда креативті

ойлайтын, мәдениеті жоғары тұлғаға сұраныс артып отырғандықтан мектепке дейінгі кезеңдегі музыкалық тәрбиенің стратегиялық мәні күшейе түсуде. Осы тұрғыдан алғанда музыка арқылы шығармашылық белсенділікті қалыптастыру мәселесі ғылыми талдауды және тәжірибелік тұрғыдан жүйелеуді талап етеді.

Музыкалық тәрбиенің теориялық негіздері педагогика, психология және өнертану ғылымдарының тоғысында қалыптасқан. Баланың шығармашылық дамуы оның белсенді әрекеті барысында жүзеге асатыны жөніндегі тұжырымдар Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясында терең негізделген, онда қиял мен шығармашылық әлеуметтік тәжірибені игеру үдерісімен тығыз байланыстырылады. Мектепке дейінгі жаста ойын жетекші әрекет болып саналатындықтан музыкалық ойын элементтері шығармашылық белсенділікті қалыптастырудың тиімді құралына айналады. Музыка баланың сенсорлық тәжірибесін байытып қана қоймай, оның ойлау операцияларын жетілдіруге ықпал етеді, өйткені дыбыстарды салыстыру, ырғақты сезіну, әуенді есте сақтау сияқты әрекеттер күрделі психикалық үдерістерді талап етеді. Шығармашылық белсенділік тек ерекше дарынды балаларға тән қасиет емес, ол әрбір баланың бойында белгілі бір деңгейде болады және педагогикалық қолдау арқылы дамытылады. Музыкалық импровизация барысында бала дайын үлгіден алшақтап, өз қиялын іске қосады, бұл оның дербес шешім қабылдау қабілетін арттырады. Музыка жетекшісінің міндеті балаларға қатаң шектеулер қоймай, олардың еркін ізденісіне мүмкіндік беру арқылы шығармашылық бастаманы қолдау болып табылады. Педагогикалық үдерісте баланың жетістігін тек нәтижемен өлшемей, оның әрекетке қатысу белсенділігіне, қызығушылығына және эмоционалдық қатынасына назар аудару қажет. Теориялық тұрғыдан негізделген әдістерді тәжірибеде сауатты қолдану ғана шығармашылық белсенділіктің тұрақты қалыптасуына жағдай жасайды.

Балабақшадағы музыка жетекшісінің кәсіби қызметі тек ән үйретумен немесе мерекелік іс-шаралар ұйымдастырумен шектелмейді, ол баланың шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған жүйелі педагогикалық жұмысты қамтиды. Музыка жетекшісі әр баланың дара ерекшелігін ескере отырып, оқу материалын саралап ұсынуы тиіс, өйткені бір бала ырғақты тез қабылдаса, екіншісі әуенді жақсы есте сақтауы мүмкін. Педагогтың эмоционалдық мәдениеті мен көркемдік талғамы балаларға тікелей ықпал етеді, себебі балалар ересек адамның қатынасынан үлгі алады. Музыкалық сабақ құрылымында тыңдау, орындау, қимыл-қозғалыс және шығармашылық тапсырмалар өзара байланыста ұйымдастырылғанда ғана бала жан-жақты дамиды. Әсіресе музыкалық-ырғақтық қимылдар баланың дене үйлесімділігін жетілдіріп қана қоймай, оның музыканы сезіну қабілетін тереңдетеді. Ән айту барысында тыныс алу, дикция, есту қабілеті дамиды және бала өзін көпшілік алдында еркін ұстауға үйренеді. Балаларға шағын музыкалық аспаптарда ойнауға мүмкіндік беру олардың қызығушылығын арттырып, дыбыстың табиғатын тәжірибе арқылы түсінуге жағдай жасайды. Музыка жетекшісі репертуар таңдауда ұлттық музыка үлгілерін кеңінен қолданғанда балалардың мәдени тамыры нығаяды және рухани құндылықтарға құрмет қалыптасады. Педагогтың шығармашылық ізденісі мен кәсіби рефлексиясы оның жұмыс сапасын арттырады және жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуге жол ашады. Осындай кешенді қызмет нәтижесінде музыка баланың шығармашылық белсенділігін дамытудың қуатты құралына айналады.

Шығармашылық белсенділікті қалыптастыруда музыкалық импровизация ерекше орын алады, өйткені ол баланың еркін ойлауына және өзіндік шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Импровизациялық тапсырмалар балаларды қоршаған орта дыбыстарын бейнелеуге, белгілі бір көңіл күйді әуен арқылы жеткізуге немесе ырғақтық өрнек құрастыруға бағытталуы мүмкін. Мұндай әрекет барысында бала қателесуден қорықпай, өз идеясын ұсынуға үйренеді, бұл оның психологиялық сенімділігін арттырады. Музыкалық ертегілер құрастыру, дыбыстық иллюстрациялар жасау және сахналық қойылымдар ұйымдастыру шығармашылық белсенділікті кешенді түрде дамытады. Баланың ойы мен сезімі дыбыстық формада көрініс тапқанда оның ішкі әлемі байи түседі және эстетикалық талғамы қалыптасады. Музыка жетекшісі балалардың ұсыныстарын қолдап, олардың идеяларын дамытуға жағдай жасағанда

ұжымдық шығармашылық атмосфера қалыптасады. Топтық жұмыс барысында балалар бір-бірінің пікірін тыңдауға, келісімге келуге және ортақ нәтижеге ұмтылуға үйренеді. Бұл әлеуметтік дағдылардың дамуына да оң ықпал етеді. Шығармашылық тапсырмалардың жүйелі түрде ұйымдастырылуы баланың белсенділігін тұрақты сипатқа айналдырады. Нәтижесінде музыка сабақтары баланың тұлғалық өсуінің маңызды алаңына айналады.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында музыка жетекшісі заманауи технологияларды орынды пайдалану арқылы балалардың қызығушылығын арттыра алады. Интерактивті тақта, аудио-визуалдық материалдар және цифрлық музыкалық қосымшалар балалардың музыканы қабылдау мүмкіндігін кеңейтеді. Дегенмен технология негізгі мақсат емес, ол тек шығармашылық белсенділікті қолдайтын құрал ретінде қарастырылуы тиіс. Музыкалық орта эстетикалық тұрғыдан тартымды әрі мазмұнды болғанда бала өз әрекетіне жауапкершілікпен қарайды. Ұлттық және әлемдік музыка үлгілерін үйлесімді енгізу балалардың дүниетанымын кеңейтеді және мәдениетаралық түсінігін қалыптастырады. Музыка арқылы тәрбиелеу үдерісінде ата-анамен серіктестік орнату да маңызды, өйткені отбасыдағы қолдау баланың қызығушылығын бекіте түседі. Музыка жетекшісі ата-аналарға кеңес беру, ашық сабақтар өткізу және бірлескен шығармашылық жобалар ұйымдастыру арқылы тәрбиелік ықпалдың бірлігін қамтамасыз етеді. Педагогикалық рефлексия мен нәтижені талдау жұмыс сапасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, музыка арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыру балабақша жағдайындағы тәрбиелік-оқыту үдерісінің стратегиялық бағыттарының бірі екені айқындалады, өйткені дәл осы кезеңде баланың қиялы, эмоциялық сезімталдығы және дербес әрекетке ұмтылысы қарқынды дамиды. Музыкалық іс-әрекет баланың ішкі рухани әлемін байытып қана қоймай, оның танымдық белсенділігін, коммуникативтік дағдыларын және әлеуметтік бейімделу қабілетін кешенді түрде жетілдіреді. Шығармашылық белсенділік жүйелі ұйымдастырылған музыкалық сабақтар, импровизациялық тапсырмалар және эстетикалық тұрғыдан байытылған орта арқылы тұрақты сапаға айналады. Музыка жетекшісінің кәсіби құзыреттілігі, педагогикалық икемділігі және шығармашылық ізденісі бұл үдерістің табыстылығын айқындайтын негізгі фактор болып табылады. Баланың бастамасын қолдау, оның дербес ой-пікірін құрметтеу және жетістігін уақтылы бағалау шығармашылық сенімділікті нығайтады. Ұлттық мәдени мұраға сүйенген мазмұн баланың рухани тамырын тереңдетіп, тұлғалық тұтастығын қалыптастыруға ықпал етеді. Заманауи технологияларды орынды қолдану оқу үдерісін жандандырып, музыканы қабылдау аясын кеңейтеді. Музыкалық тәрбиені ғылыми негізде ұйымдастыру ғана оның нәтижелілігін қамтамасыз етеді. Осылайша музыка мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық әлеуетін ашатын және болашақта креативті, мәдениетті тұлға қалыптастыруға негіз болатын қуатты педагогикалық құрал ретінде танылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Оразбаева, Ф.Ш. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы музыканың рөлі / Ф.Ш. Оразбаева, А.Қ. Момбек // Педагогика және психология. – 2022. – № 3 (52). – Б. 84-91.

2. Гогоберидзе, А.Г. Теория и методика музыкального воспитания детей дошкольного возраста / А.Г. Гогоберидзе, В.А. Деркунская. – Москва: Академия, 2019. – 320 с.

3. Тютюнникова, Т.Э. Видеть музыку и танцевать стихи: творческое музицирование в детском саду / Т.Э. Тютюнникова. – Москва: Линка-Пресс, 2020. – 240 с.

4. Koops, L.H. Creating Music Play Zones for Children / L.H. Koops // Perspectives: Journal of the Early Childhood Music and Movement Association. – 2024. – Vol. 19, No. 2. – P. 12-21.

5. Ockelford, A. Sounds of Intent in the Early Years: A Framework for Mapping the Musical Development of Children from Birth to Five Years / A. Ockelford, A. Voyajolu // In: Music in the Lives of Young Children. – London: Routledge, 2021. – P. 89-108.

Журналдың құрылтайшысы және иесі:
«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығы.

Журнал 2023 жылдың ақпан айынан бастап жарық көруде.
Басылым 1 айда бір рет шығады.
Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2022 жылғы 20 қаңтардағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі
№ KZ61VPY00045006 берілген.

Құрметті оқырмандар мен авторлар!
Журналда жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Фактілер мен мәліметтердің анықтығына, сондай-ақ стилистикалық қателерге авторлар жауапты.
Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Мекенжайы:
100012, Қарағанды қ.,
Н. Назарбаев даңғ., 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303
Басуға 15.05.2026 ж. қол қойылды.

Пішім 60*90 1/8
ш.б.т. - 26. RISO басылым.
Таралымы - 50 дана.

«BAYANDY» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «KEMENGER» ғылыми-әдістемелік орталығының полиграфиялық қызметтер бөлімінде басылып шығарылды.

Учредитель и собственник журнала:
Научно-методический центр «KEMENGER», относящийся к индивидуальному предпринимателю «BAYANDY».

Журнал издается с февраля 2023 года.
Периодичность выпуска — один раз в месяц.
Журнал выдан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан № KZ61VPY00045006 о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 20 января 2022 года.

Уважаемые читатели и авторы!
Опубликованные в журнале материалы не отражают точку зрения редакции.
Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях, а также за стилистические ошибки несут авторы.
Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только с согласия редакции.

Наш адрес:
100012, г. Караганда,
пр. Н. Назарбаева, 19.
E-mail: kemengerustaz.kz@mail.ru
Инстаграм: kemengerustaz.kz
Сайт: kemenger-ustaz.kz
WhatsApp +77009700098
+77711812303
Подписано в печать 15.05.2026 г.

Формат 60*90 1/8
усл.печ.л. - 26. Печать RISO.
Тираж - 50 экз.

Отпечатано в полиграфическом отделе НМЦ «KEMENGER» ИП «BAYANDY».

QR-кодты сканерлеу арқылы бізбен тікелей байланысқа шыға аласыз.
Вы можете связаться с нами напрямую, отсканировав QR-код.

KEMEŃGER
USTAZ.KZ

Республикалық ғылыми–әдістемелік журналы

Л.Н.Толстой
Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім.

Ахмет Байтұрсынов
Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға /қазақ жанына/ үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады.

Мағжан Жұмабаев
Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау.

Ж.Ж.Руссо
Ұстаз – ұлы есім

М.Әуезов
Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады.

Ы.Алтынсарин
Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді,
Керемет мұғалім көрсетеді.
Ұлы мұғалім шабыттандырады.

Абай
Мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін берілмейді,басқаның ойына қозғау салу үшін беріледі.